

821  
5-96-495

Тоқтар ЗІКІРИН

# ТІРШІЛК ТЫНЫСЫ



*Осы еңбегімді жүбайым  
Бибінүр Хамитқызына, ұлым Қанатқа, келінім  
Гүлжінанга, қызыым Фалияга және сүйікті немерем  
Арланға арнаймын.*

3-97

Зікірин Т.  
**Тіршілік тынысы** (өлеңдер жинағы) / Т.Зікірин –  
Алматы, «Асыл кітап», 2017. – 180 бет.

ISBN 978-601-80659-3-4

Жыр сүйер қауымға жүрекке жылы тиетін сыршыл да сезімді өлеңдерімен танылған қызылжарлық ақын Тоқтар Зікірин «Тіршілік тынысы» атты кезекті жыр жинағын ұсынып отыр. Қаламгердің осы кітабындағы туындыларында өмірдің өзекті мәселелері кеңінен қамтылып, жан ауыртар ауыл жағдайына жеке тарау арналған. Сол сияқты, ақынның жаңа жыр жинағына жастық сағынышын, естен кетпес өткен күндер елестерін, табиғаттың тәнірлігін сездіретін өлеңдері мен толғаулы тебіреністері енген.

ӘОЖ 821.512.122-1

КБЖ 84 (5Қаз)

Бірінші бөлім  
Жанарымдағы жаңылықтар  
**ЖАНАРЫМДАҒЫ**  
**ЖАРЫҚ ДУНИЕ**

## ОТТАЙ ЖАНЫП, ЖАНЫМДЫ ЛАПЫЛДАТАМ...

Сөнбес жүрек өртімен ақынға тән,  
Оттай жанып, жанымды лапылдатам.  
Асығамын, алысқа қол созамын,  
Көкжиекті көңілге жақындарам...

Көшіремін көзіме көк әлемді,  
Ал, әйтпесе, жыр-тылсым неге келді?  
Қандыргандай боламын қанып ішіп,  
Ақ бұлақтан қаңсыған кенеземді.

Толғанысқа тусемін, тебіренем,  
Жолға тастап кетердей өмір-өлең?!  
Боздап жылап аламын боз інірде,  
Өксігімді баса алмай еніреген...

Бозқыраудан безсем де бұрын да сан,  
Таңдан тұрып шалғынның шығын басам.  
Ішім ұлып жатқаны шығар мүмкін,  
Шегірткедей, шіркін-ау, шырылдасам...

Тоқтамаса тамырда қан ағымым,  
Көрсеткім бұл келмейді жан арығын.  
Жеті атадан жалғыздық арылмаған,  
Соңымда жүр шүркүрап дара құлын?!

Бәріне де пейілмін, көндігемін,  
Шегінетін жерім жоқ енді менің.  
Құдай ақы, білмеймін қайда ұратын  
Ақтарылған жыр болып сел жүрегім?!!

## ЖҮРЕКТІҢ СОНҒЫ ДҮРСІЛІ

Келсем де қанша жасырғым,  
Барады-ау өтіп асыл күн...  
Тырылысағат ғасырдың  
Тұрғанмен соғып кеудемде,  
Тоздырған әбден масыл мұн  
Тозаң ойлардан шашылдым...

Қондырмай көніл көл құсты,  
Кеберсіп ерін, шөл қысты.  
Көндіре алмай көмбісті,  
Аяқсыз қалған арманда  
Өкінішім боп ең құшті,  
Жапырақ-сезім желге ұшты.

Думаны қайтып нүр көштін,  
Қалмады бірі шын достың.  
Жалғыздық жайын білмес кім,  
Қалың ойларға қамалып,  
Оңаша осылай күн кештім,  
Періштелермен тілдестім.

Қимайтын өмір тым шырын,  
Сездіріп тірлік қыңсылын.  
Сырыма сұғып тұмсығын  
Жатса да ұлып жан мынау,  
Жүректің соңғы дүрсілін  
Жазатын жанмын, жыршымын!

## КӨКІРЕКТІҢ КӨЗӘЙНЕГІН СҮРТЕМІН...

Көкіректің көзәйнегін сүртемін,  
Әрекет те,  
Амал да емес бұл тегін.  
Қоламтасы күйдірмейтін жүректе  
Шоғы қалған жаңып біткен пілтенін...

Жан шуаққа бұлт қонды ғой мамырлап,  
Енди қайда жастық шақты сағынбақ?  
Қанша тұрап дейсің енді үгілмей,  
Қына басқан қайың түпті шоғырмақ.

Қалды алыста шұрқыраған құлын құн,  
Бұрынғыдай қол жеткізбес бүтінгім.  
Сағым қырды сағынышпен еске алып,  
Жалаңаяқ келеді бір жүтіргім...

Бірақ соған аяқта бұл әл де жоқ,  
Қанша мейлі тыраштанып, пәрмен ет.  
Құс қиялдың қанатында самғайтын  
Қыран емес, қалдық енді пенде боп.

Бозғылт тұман көз алдымды бүркеді,  
Қасқыр шабар кәрі айғырдай үркемін.  
Күншуақты қимайтұғын көңілмен  
Көкіректің көзәйнегін сүртемін...

## ТӘҢІРДІҢ ТЫЛСЫМ КҮШІ

Болмас, сірә,  
Галамшарға таңғалмай,  
Өзегіне от тығылып қалғандай.  
Жанартаяулар жойқын күшпен от шашып,  
Бұлқынады,  
Қорықпай көр, қорғанбай!

Құрлықта да,  
Мұхитта да зілзала,  
Қозғалмайтын Арктикалық мұз ғана.  
Сілкіністен құрлықта аман отырған  
Батыс Сібір ойпатында біз ғана.

Қорқыныш бұл,  
Қашыратын үйқынды,  
Бастан кешкен түсінеді бұл күйді.  
Алматыны зәрезап қып бүтінде,  
Әлсін-әлсін үш-төрт балмен сілкиді.

Оқыс жетіп, опық жейтін талайы,  
Тәнірдің бұл тылсым күші жабайы.  
Сілкінің цунамиге ұласқан,  
Қорқады одан Тынық мұхит маңайы.

АҚШ-тың да, жоқ қой оған амалы,  
ара-тұра қағып-сілкіп алады.  
Дауылдары таудай толқын туғызып,  
Талай рет долы теңіз сабады.

Ява аралын талқан ете жаздаған,  
Индонезияда жапа шеккен аз ба адам?  
Тоғыз балдық, тіпті одан да жоғары  
Сілкіністер жер қыртысын қозғаған.

Адыра қап алдын алған сан шара,  
Жапондарға қайғы әкелді қаншама?!  
Қырық жылдай қорқып өмір сүреді-ау,  
Фукусима әзір аман қалса да.

Тылсым Тәңір талай әлі ұсынар,  
Тереңінде бұғып жатқан күші бар.  
Жердің осы қаһарынан сақтасын,  
Қатуланса бәрін көкке ұшырап!?

## КӨҢІЛ КҮЙІ

Шаршағаным,  
Қажығаным сезілді,  
Қанша қайрап,  
Жанысам да өзімді.  
Өзге түгіл,  
Өз көңілім толмайды,  
Қайран қалам  
Тірлігіме төзімді!

Үмтүлұ жоқ,  
Бұрынғыдай жалындаپ,  
Ой орманы –  
Жанып біткен шоғырмак.  
Жүрек те енді бұлқынбайды,  
Жұлқынып,  
Сағынамын,  
Соққан кезін арындаپ.

Жыр жазылмай,  
Жаным жүдеп барады,  
Ұмыт қалды,  
Жастық шақтың самалы.  
Көңілдегі көктем бағы тұнжырап,  
Үркіп кеткен сияқты ерке маралы?!

Қолдан үшты  
Құс көңілді қыраным,  
Қайда сонау  
Қиял қутан жыр әнім?  
Көшкен бұлттар тізбегінен көз алмай,  
Іштей тынышп,  
Жас шыгармай жыладым...



Жеткізді ме  
ерте менің күзімді,  
Сезім солып,  
Жапырагы үзілді.  
Сағынышты соңғы сапар,  
Тыраулап  
Көк аспанда тырналарым тізілді.

Сүйе алмаймын,  
бұрынғыдай күймеймін,  
Базары жоқ,  
босап қалған үйдемін.  
Бақыттан та баян таба алмадым,  
Енді менің  
басыма алтын құй мейлің?!

Өшті бәрі,  
Сағымдай боп сейілді,  
Із таппаймын  
Сорабымнан кейінгі.  
Қалай енді толтыра алар екенмін  
Күншуаққа  
құмар көніл пейілді?

Қақпан – тағдыр  
шабар екен қашан деп,  
Аңдал қана  
аяғымды басам кеп.  
Үлгерे алмай қалам ба деп,  
шіркін-ау,  
Жайып салып,  
Жан сырымды ашам көп.

Ұғар біреу,  
ал біреулер түсінбес,  
Ағаттығым жоқ сияқты,  
ісімде еш.  
Өмір мені аямасаң, аяма,  
ал өзінді сүйгендігім үшін кеш!?

Бәрі де осы, мүмкін, болып көрсек  
мүмкін, болар пенделік,  
Тырбанамыз,  
күн кешеміз елге еріп.  
Сабыр дүние сабасына  
түскен соң,  
Алады фой  
Өмір өзі теңгеріп.

Сондықтан да  
Тоқырау мен шегініс –  
әр адамда болатұғын көрініс.  
Батқан Күнге батырмаса екен-ау,  
Тылсым Тәңір,  
жетектеген мені күш!

Інде імбет жөрдемдік пығылмайды  
Шығарғандай ұлғаштықтардың құндық  
Күндерінде, үлкенде түр аман...

Інде імбет жөрдемдік пығылмайды  
Бұл сабактың көзінде қызылордағы  
Болынаның көзінде қызылордағы  
Болынаның көзінде қызылордағы

## ДАҒДАРЫСҚА АЛДЫРМАЙДЫ ДЕП СЕНЕМ

Жүрген шақта бір ғажайып жалғап іс,  
Қол созғанда армандарға алда алыс,  
Кейін тартып, тоқыратып тастайтын  
Қайдан келген, бұл өзі қай дағдарыс?

Мұхит асып, Батыс шардан жетті ме  
Дәулеті мол Еуропадай тектіге?  
Озық елдер қатарына ұмтылған  
Қазақ елін шырмамасын деп тіле.

Бастан ұшып кетпес пе екен құт-дәру?  
Білместіктен зәрлі болмақ жүтқан у.  
Жаһандық бұл қаржы әлемін бірігіп  
Керек болып отыр енді құтқару.

Батыстағы биржаларда шарықтап  
Кеткен баға қайта жатыр арықтап.  
Құн түскенде құлқыны зор адамды  
Қазба байлық енді қалай жарытпақ?

Кедейлігін көрсетпейтін жасырып  
Кейбіреудің қалды сыры ашылып.  
Мәңгі жазға малданып-ақ жүретін  
Қара құрлық жатыр қазір ашығып.

Тұсті баға болатқа да, мысқа да,  
Алпауыттар күн кешеді күстана.  
Қыйзелістің дәл осынау шырмауын  
Үзетүғын тек біріккен күш қана.

Болады екен дүйсенбінің «қарасы»,  
Қандай жақын бар мен жоқтың арасы?  
Миллиардтар желге ұшады қалайша,  
Адамзаттың жетпей отыр санасы.

Үміт артып, барлық ісін құптар мың,  
Күнде жиын Ұйымында Ұлттардың.  
Бірақ одан қайран болмай, әлемді  
Корқытады туатыны жұт халдің.

Сұмдық қой бұл, кім естіген ондайды,  
Желгө ұшқанның орны оңай толмайды.  
АҚШ-тағы президенттің өзі де  
Қаржы сұрап Сенатына қол жайды.

Қаржы ойыннан дейтін пайда табайық,  
Акцияны ұстаушылар азайып.  
Жүнін жұлған туықтай боп жүдеген  
Биржа алаңдан қызық кетті ғажайып.

Ақша – қағаз, алтының да – дәрі емес,  
Мұндай кездे болады ғой сан егес.  
Жер-жаһанды жаулап алған осы дерт,  
Шүкір, әзір елімізге тән емес!

Таң қалдырған бүкіл дүние әлемін,  
Қазақстан, қандай тарлан, дара едің?!  
Дағдарысқа алдырмайды деп сенем  
Елбасымдай көрегені бар елім!

## АЛҒА, ҚАЗАҚСТАН!

Сәйгүліктей басындағы сөренің  
Бәйге шабар шақта тұрсың сен, елім!  
Көк байрақты желбіретіп көгінде,  
Қолдан намыс бермесіңе сенемін.

Азиада – ол жарысы құрлықтың,  
Жиырма жеті елден келген кіл мықтың.  
Астанада алау оты лаулаған,  
Мәнгілікке есте қалсын бұл құт күн!

Бұкіл әлем тіккен бізге назарын,  
Үлкен саммит өткіздің ғой, қазағым.  
Сол табысты, зор беделді еселеп,  
Білем сенің даңқың алға озарын.

Халықтардың достығы мен бірлігі  
Жарасып тұр. Бекер дейді кім мұны?  
Жаңа дәуір өзі бүгін қалаған  
Қазақстан – Азияның кіндігі!

Қос астана тамашалап жарысын,  
Ұран салсын ұландардың бағы үшін.  
Бабалардың рухы қолдап ұрпағын,  
Бойларына жігер оты дарысын!

Шымбұлақта болсын дейік қар жеңіл,  
Шаң қаптырмас Медеуіне сенген ұл.  
Сарыарқаның сары аязы шыңылтыр  
Дем береді өрендерге өр көңіл.

Тың рекордтар туатұғын толайым  
Көрсін әлем Астана спорт сарайын.  
Үкілеген көп үміттер ақталып,  
Жеңістің бұл тапсын сәтті қолайын!

Намысы осы – алаулап бір жаңған от,  
Жебейді ғой женіс жолын жалға деп.  
Көрінеміз межелеген биқтен,  
«Алға, Қазақстан! Қазақстан, алға!» – деп!!!

## БІЗДІҢ ШАҢЫРАҚ ДЕГЕНИ ДҮРҮС МАҒАН

Көп сөздің бермейміз ғой сырына мән,  
Екіндімде екшемін, ұғына алам.  
Қарашаңырақ дегенше, шынымды айтсам,  
Біздің шаңырақ деген сөз жылы маған!

«Біздің» деген көптікі, көп көнілден,  
Бәрімізге бәрі ортақ деп телінген.  
Шаңырақтың шырайын келтірейік,  
Қосақтамай қарага текке мұлдем?!

Қара деген сөзге осы қарсы жаным,  
Тазармайды ал одан аршығаның.  
Қара бастың қамына ұқсайтүғын  
Қойыртпақты ойлардан жанышыламын.

Әулеңдің аудио көрінісі  
Эу басында әулетті ардақ көріп,  
Қадап айттық қараны салмақ беріп.  
Өйткені шаңырақты күйдіретін  
Ордаңа ойрандаған қалмақ келіп...

Күйген жерде күйінді күл қалады,  
Қаралы қара сөздің бүл да мәні?!

Қарашаңырақ сияқты көрінетін,  
Күлден қайта тірілген құндақ әні...

Қойнауынан тарихтың алыштағы,  
Содан шығар мәңгілік жабысқаны!  
Тиіп кетсөн, тіліңе оралатын,  
Бізден бұл сөз бір елі қалыспады!

Көп сөздің бермейміз ғой сырына мән,  
Екіндімде екшемін, ұғына алам.  
Қарашаңырақ дегенше, шынымды айтсам,  
Біздің шаңырақ деген сөз жылы маған!

Жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке күндерінде, тұлус, ғұрт ғызыждағы  
жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде

жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде

жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде

жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде

жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде  
жеке оның күндерінде күндерінде

## ЖЕТКІЗБЕЙ ЖҮР

«Ойламай біздің қазақ текке жатыр,  
Бір іске жанаса алмай, шетте жатыр».  
(Мажан Жұмабаев).

Мықты елдерге әлемдегі бүгін нық,  
Ере алмаймыз, тіпті кейін сырылдық.  
Тірлігіміз шикізатқа тәуелді,  
Өндіріске бола алмадық мұрындық!

Тенге құлап, бәсі жатыр төмендеп,  
Ал қаржысыз тәуір дәулет деген жоқ.  
Алға қарай жедел баса алмаймыз,  
Бізді біреу қойғандай-ақ шегенден!

Бар үмітті мұнайға арта бергенше,  
Жұмыс жасау керек қолдан келгенше.  
Қадамымыз өрге басар еді ғой,  
Кәсіпкерлік іске күшті дем берсе!

Оған мысал – көрші Қырғыз, Өзбетін,  
Кәсіп іспен ашқан ерте көздерін.  
Сарт ағайын мақтасымен танылып,  
Айыр қалпақ тігіп жатыр бөздерін...

Дүниежүзілік алыс-беріс көп тауар,  
Сауда ұйымына ерте еніп кетті олар.  
Біздер осы жүрміз әлі малтығып,  
Оған кіру тегінде енді жоқ болар?!

Астығымыз қоймамызға сыймайды,  
Пұлдарап бірақ сата алмаймыз бидайды!

Бетке ұстардың берекесін кетірген  
Осы бір жай бәрімізді қинайды.

Қойнауында қазба байлық бері бар,  
Бағасы арзан, өтпейтүғын малы бар.  
Елім аман болсын дейік, әйтеуір  
Түбінде оның бір амалы табылар!

Орындалар пайызбенен жүз бәрі,  
Көздеген іс жоспар емес сыйбалы.  
Кекжиектегі қолға ұстапас сағымдай,  
Жеткізбей жүр отыздығын бізге әлі!

## ЖЕМҚОРЛЫҚ ШЫРМАУЫҒЫ

Күпірлік қой, көбейді астамшылық,  
Қайда барсаң – күбі сөз мақтаншылық.  
Безіп кеткің келеді бұл қоғамнан,  
Жемқорлыққа белінен батқан шылық...

Құтыларсың алайда қайды қашып,  
Алшысынан тұрмайды тайған асық?!  
Жымысқы ойлар жабысып жібермейді,  
Жең ұшынан жалғасып, май жаласып...

Теңелетін жылдыммен, құрдымменен,  
Болса-дағы ым-жымды білдірмеген.  
Нысабы жоқ, іштегі ұлып жатқан,  
Тойымсыз ғой, тойымсыз ындын деген!

Бәрі де осы бас қамы бақпаншылық,  
Дей тұрганмен, көбейген астамшылық.  
Жұмырымен жұтылып жатса дағы,  
Байқалмайды ешкімге батқан шыбық.

Еңдең кеткен жазуга ел кеселін,  
Таба алмаймыз бүтінде емге себін.  
Тоғышарлар тайраңдап төрге шықты,  
Көзбен оны көрмесен, сенбес едің!

Өмірдің түзететін бұл ағатын,  
Күн туда ма бәрінен сұралатын?  
Шырмалған шырмауықтан сонда ғана,  
Шыға алатын боламыз, шыға алатын!

Құлазыған кейде бір күйге енесін,  
 Қапа-мұнға сөйтіп те үйренесің.  
 Отқа күйген ормандай жұтап қалған  
 Қызын екен достарың сирегесін.

Отыратын көгалда малдас құрып,  
 Табылмайтын осы күн жолдасты ұмыт.  
 Ұры түскен құрттай боп бойдағы індет,  
 Алып жықты көбісін жамбасқа ұрып.

Алпыс жастың бер жағы, ар жағынан,  
 Тәнірім, терен болды-ау қазған ұран.  
 Асылық та болмасын, Құдай берген  
 Аса алмаймыз тағдырдың жазғанынан.

Шеңбері бар, тірліктің сызығы бар,  
 Жазып қойған Тәнірдің құзыры нар.  
 Жарық күнді қимайтын пендесінің,  
 Тылсым сыры осы ғой біз ұғынар.

Көрер таңды алдағы қылып тәуба,  
 Асау өмір көндікті-ау құрықтауға.  
 Үркердейін азайып қалғандықтан,  
 Қажеті не сақалды қылып сауда?!

Қалмаған соң лаулатып, маздатарың,  
 Ерте атқаны не пайды жазда таңың?!

Өткіншісін өмірдің еске салып,  
 Сиреп бүгін барады өз қатарың.

Жоғалатын күні ертең ізі құмда,  
 Өткен шаққа ұқсаймыз біз ұғымда.  
 Тәнір берген тауысар Күн жарығын  
 Тұрмыз енді тірліктің сызығында!..

## ЖАРАТҚАНЫМ, КЕШІР МЕНІ!

Бес уақыт жаяр жайнамазым жоқ,  
Сайтанның сейілте алмай ойда азабын көп:  
Әзімше мұсылман саналғаныммен,  
Тым болмаса бір аят та оқи алмай,  
Құран сөзін кеудеме тоқи алмай,  
Діннен мұлде хабарым болмай,  
Қорқытады қаларым қандай –  
Дүмшелеу жай қазағың боп?!  
Кешір мені, кешіре алсаң – Жаратқаным,  
Осылайша тірі азаптамын!  
Шығар шақта жанымның есіл демі,  
Тілімнің дей көрмеші шешілгені?!

Жоқ, келеді тазарып, аршылғым,  
Нәсерімен көз жасы тамшымның –  
Санамды серпілтер өзгерісті,  
Көп күтіп сарсылдым?!

Откен күндер қандай бұл кесірлі еді,  
Жадымнан жабы ойларды өшірмеді...  
Намазға жаңа жығылған жеткіншектер,  
Менен фой көш ілгері...  
Жаратқаным,  
Жар ием, кешір мені!!!

## ШИРЫГУ

Құс қанаты талған шығар қиялдың,  
Сөз інжуін енді қайтіп жиярмын?  
Жазғандарым жүрегімнен шықпады-ау,  
Тірі жүріп, жер басуға үядым...

Сезім – селдің толқынына тұншықтым,  
Құрсауынан шыға алмадым қырсықтың.  
Бұрынғыдай лаулап жана алғам жоқ,  
Жанға мұңды пілте шамды бықыттым.

Көңіл өзі құлазыған тұз дейін,  
Тұман кешіп тұнығымды іздеймін.  
Керек шығар осындаій да ілкім сәт –  
Оралғанда аңсан келіп біз кейін!..

Ширығу ма, тоқырау ма, әлде бұл  
Балана ма басқашалау мәнге бір?  
Десем дағы, енді тола қоймастай,  
Мұлде ортайып қалған қаяу қам көніл!

Осы сәтте жан күйімді біле бер,  
Жетер болса, айтар сөзім тіл егер:  
Құлден шыққан Күлшекұстай тіріліп,  
Муза Тәнір, сен езілме, түрегел!!!

## ҚҮН ҰЯҒА ЕҢГЕСІН...

Шабыт тумай шаршадым,  
Қойылды ма жыр нұкте.  
Таусылған соң аңсарым,  
Не мән қалды тірлікте?

Тар кеудені тепкілеп,  
Ұратұғын бір тынбай  
Сабыр тауып от жүрек,  
Соғады енді бұлқынбай...

Қиял ойдың жарысқан  
Самғай алмай көгінен,  
Жарқабаққа жабысқан  
Жарқанаттай көрінем!

Тәңір тылсым жанымнан  
Не қүтерін білмеймін.  
Ұлпегінен қағылған  
Күзгі бақ бақ гүлдеймін...

Тағдыр осы бұйырган,  
Жан дауасы қалаған.  
Шабыт таппай құйылған,  
Көкжиекке қамалам...

Тіле қанша ағын жыр,  
Сезем енді келмесін?!

Ұстаптайтындау ау сағым қыр,  
Құн ұяға еңгесін...

## МАЗАСЫЗ ЖАЙ

Қалам жүрмей, ойларым шашырады,  
Қажыдым ба, тоқырау осы ма әлі?  
Көніл сандық қиялыш ашылмады-ау,  
Мазасыз жай ұйқымды қашырады.

Тосылғаным тосын іс сияқтанып,  
Қалғандаймын, япыр-ау ұятқа анық.  
Тозады екен жүрек те жайып салып  
Барлық сырын жүргесін жиі актарып!

Бұрынғыдай нөсері, дауылы жоқ,  
Оралмайды жастық шақ сауығы көп.  
Шабыт, шіркін, жанымнан табылмады,  
Күй кешердей, күйдіріп сауырын от!

Өлең таппай отырмын, сөз киелім,  
Мені ұмыттың, ал саған өзге ие кім?  
Бірте-бірте оранып ақ сағымға,  
Менен қашып барады көкжиегім...

## ДАМЫЛДА, ЖАНЫМ, ДАМЫЛДА

Дамылда, жаным, дамылда,  
Өртеніп бекер кетпегің!  
Оранып алып жалынға,  
Алаулап қайда беттедің?

Сезімге мұлдем бой үрып,  
Тәнірден тілеп жыр мұрат,  
Төзімнен тағы айырып,  
Кеудемді тұрсың үрғылап.

Жандырып жүрек ыстығын,  
Көзіме лағыл нұр еніп...  
Жанараптағы үшқыным  
От болуға тіленіп...

Тамырим соғып тереңде,  
Қан жүгіртіп, бұлқынып,  
Өзім ғашық өлеңге  
Асығам оттай үмтүлыш...

Дамылда, жаным, тек енді  
Өртеніп бекер кетпегін!  
Жандырмас бірақ өлеңді,  
Тағы да еркім жоқ менің!..

Ой-мұхиттан жол таппай қиналадын,  
Шулаған шағала құс – сыймаған үн...  
Бұрыңған сел шабыт жыр-кеменің  
Қалай ма жарға соғып қирағанын?

Соқса, соқсын,  
Тәуекел, үміт біреу –  
Боларын бір дауылдың біліп тілеу...  
Көк теңізде – көбік жал толқында емес,  
Ықта жүзу бәрінен құдіктілеу!

Ерік беру ағысқа – намысқа сын,  
Жүрек олай жырменен табыспасын.  
Өзің дауыл болғаннан абзалы жоқ,  
Белгісізбел шешіп алысқасын!

## МАҒЖАН БАБА – КҮН БАБА

Анық еді жырдан нөсер құйғаның,  
Толық емес жазып, хаттап жиғаның.  
Ағып өткен жүлдыздай боп жоғалдың,  
Қайран бабам, маңдайыма сыймадың.

Ақыл дария, мөлдіреген тіл кенен,  
Жазбапсың-ау жүрекке жат бір де өлең.  
Сенің осы асылдығың үшін де  
Қара тобыр көре алмаған, күндеген.

Қасқыр болдың, күнін кешпей тұлқінің,  
Әлемге аян еттің бабам ұлт үнін.  
Сенің асыл арманыңнан айналдым  
Қамын жеген бүкіл осы Түркінің!

Өзің – ақын, өзің – ұстаз, ғаділ жан,  
Бір басыңнан бәрі қалай табылған?  
Жігерінді жеңе алмады жендеттер,  
Қамақ күнде қандаладай жабылған.

Рухың биік, ақсүйексің, асқарсың,  
Асқар шыңым қалай оңай тапталсын?!.  
Әлмейтұғын, елге жетер мұранды  
Сағынышты жырларыңнан тапқансың.

Мейір төккен көз алдымда түр кейпің,  
Магжан баба, ол – өзіңсің, кім дейсің?!

Текке өзіңді теңемедің Күнге сен,  
Қайта оралып нұрын шашқан Күндейсің!

## ҚИЫН ТАҒДЫР БҮЙЫРҒАН

Нағыз жырдың тұндыры,  
Дәуір үні қырдағы,  
Біздің Мағжан ұлыны  
Тұған қазақ құндағы.

Сасықкөлде кіндігі,  
Киіз үйде кесілген.  
Сарыарқаның дүлділі,  
Ақын еді-ау есілген!

Мұңын үққан елінің,  
Жырмен жазған тілегін.  
Жеткізуғе өр үнін  
Жайып салған жүрегін.

Атын айдал Сәрсембай,  
Талай-талай жол кешкен.  
Қай қырынан көрсөн де-ай,  
Жан жоқ оған теңдескен!

Таңғы шықтай жырлары,  
Тұр ғой әлі мөлдіреп...  
Сағынышты сырлары  
Төтіледі елжіреп...

Тегін адам теңер ме  
Пайғамбарға өзін бұл?  
Тылсым сырлы өлеңде  
Періштедей сезім бұл!



Жығылмаған, өмірдің  
Ыңғайына көнбекен.  
Шарболаттай темірдің  
Құрышы ғой ол деген!

Жала сөздер жамалып,  
Көрді зорлық, үстем қүш...  
Қайта-қайта қамалып,  
Тор ішіне түскен құс!

Біздің Мағжан асылға  
Тағдыр осы бұйырған.  
Қырық бес-ақ жасында  
Қыршынынан қыылған!

## САСЫҚҚӨЛДІҢ ЖЫР ҚҰСЫ

Оқыдым да сағыныштан сарылдым,  
Осы екен той құдіреті дарынның.  
Тар қапастан ұшып шыққан жыр құсы,  
Қалай менің жүрегімнен табылдың?

Самал ескен бір тамаша ашық құн,  
Сартомарға, Сасыққөлге асықтым.  
Аңсамайтын жан бар ма екен, шіркін-ау,  
Мағжан баба жүрген жерін басып мың...

Жұпар иісі жетеді екен даладан,  
Орман, тоғай, көлде құстар салады ән.  
Дәүлет біткен құт-береке мекенді  
Мүмкін сасық ырысына балаған?

Ардақ тұтқан азamat қой асылын,  
Сүйген ақын тұған көлін, Сасығын.  
Сағынышты жырларға арқау болған соң,  
Аты әлемге тараپ кетті осы құн.

Барады оған Мағжан жырын сүйгендер,  
Көкірекке кереметін түйгендер.  
Ыстық екен, ыстық екен, япыр-ай,  
Асыл баба табанына тиген жер!

Көрсемдағы қанша шалқар көлді көп,  
Дәл осындей күй кешкем жоқ елжіреп.  
Баба ұшырган жырдың құсы қеудеме  
Сасыққөлдің жағасында қонды кеп!

Тұғыры бөлек тұлғасың,  
Тараған жансың тектіден.  
Тәнірім асылық қылмасың,  
Мықтыймыз өзің деп білем.

Ауылдан шыққан данасың,  
Досым деп мақтан тұтамың.  
Жайсаң жігіт – Жарасым,  
Бектас ата бұтағым.

Тілші бол елге танылдың,  
Теледидарда топ жардың,  
Сындырмай сағын арынның,  
Жүзіндей өткір қанжардың.

Кезінде қажет мезеттің  
Көрсетіп қайрат, күш барын,  
Қарашаңырақ газеттің,  
Тізгінің берік ұстадың.

Тыншытпай жүрген жаныңды,  
Тауып құяр бағытын  
Өзендей тасып ағылды  
Шығармашылық шабытың.

Жақсыға жұғар күйе жок,  
Болса да қанша қан-сурғін.  
Мағжанның жырын жүйелеп,  
Халқына оны тапсырдың.

Еленіп ісің жан-жақты,  
Жанды ғой сенің еңбегің.  
Атанып елде ардақты,  
Парламентке төрледің.

Жарадың жайсан, Жарасым,  
Куанам, саған тәнтімін.  
Танытып ауыл баласын,  
Өрлей бер өрге, жарқыным!

\* \* \*

Керек емес мадақ сөз бен шу оған,  
Ондей ойды өз басымнан қуа алам.  
Ауылдағы бірге өскен досымның  
Шыққан осы биғіне қуанам.

Шопан болып алғаш таяқ ұстаған,  
Еңбек жолын бір бағтадық құс табан.  
Бірақ оның жазу болып арманы,  
Кеудесіне сыймаушы еді құштар ән.

Тағы оралып қарап болсам өткенге,  
Егін сепкен кезі де бар көктемде.  
Тракторынан қара түтін будақтап,  
Тартушы еді сағым басқан көк белге.

Тұған жердің тамырынан нәр алып,  
Еңбекпенен қайта туып, жаралып.  
Бәрімізден ертеректеу үйленіп  
Алғаны да болды бізге жаңалық.

Қаламында қуат барын доста анық,  
Жазғанынан жүретінбіз, рас, танып.  
Тынымы жоқ тірлігімен тілшінің  
Жазушылық жолы кетті басталып...

Терең ой мен тұщымды сөз түрінде  
Көтерді ол Мәжілістің жүгін де.  
Тегі жақсы топты жарып шығар ғой,  
Алмас кездік жатпас қапшық түбінде!

## ҚАШАН ӘЛЕМ ТАБАР ЕКЕН ТЫНЫШТЫҚ

Қаруларын тастан бастап, қылыш қып,  
Жүр ғой адам әлі қырғын ұрыс қып...  
Көгершіннің көзінен жас тамызбай,  
Қашан әлем табар екен тыныштық?

Қатыгездік бұл тарихта қанша мың,  
Қатпарына бойлап енер жол сағым.  
Карфагендер күйреп қалған, құм жатқан,  
Кім біледі құрбан болған жан санын?!

Планетада ғұмыр миллион жыл десек,  
Екі мың жыл – бір-ақ тамшы бізге есеп.  
Көкірекке сәуле құяр ақиқат,  
Мәңгі тонда қатып қалған мұз кесек...

Азды біліп, соны көпке балаймыз,  
Отырарға егіліп қой қараймыз.  
Жоңғарлардың наизасынан құтылып,  
Осы күнге аман жеттік қалай біз?

Оқ теспеген жерде нүктे жоқ шығар,  
От түспеген жерде нүкте жоқ шығар?  
Есте бәрі, көшті бәрі өткенге,  
Қантөгіске шыдам да енді жоқ шыдар!

Анталаған қазір жаудың жасағы,  
Таяу Шығыс тыныштықты тосады.  
Өткен күн мен бүтінгіге мұн ортақ,  
Аналардың көздерінде жас әлі!...

## АЛЫП БІТТІ ЗӘРЕНІ

Ақпараттар үрейлі  
Алып бітті зәрені.  
Күннен күнге үдейді  
Оның салар әлегі.

Ана жақта сілкініс,  
Мына жақта тасқын бар.  
Атыс, шабыс, қырқылыс,  
Толып кеткен босқындар...

Отыргандай бір істік,  
Үстіндегі қүйге ендік.  
Жер бетінен тыныштық  
Кеткеніне үйрендік...

Десе де, бәрі тосын жай –  
Апатты Тәнір ісі де.  
Адамнан келер осындаі  
Зұлымдық залым кісіде!

Жетпесе де бізге тажал оқ ұшып,  
 Қорқам көзге қанатындағы тағы шық,  
 Екі таным, Батыс – Шығыс арасы,  
 Дес бермей түр қырги қабақ соғысып...

Қырги қабақ – деген сұық сөз өзі,  
 Мұздай ауыр еңсемізді езеді.  
 Қылыш та емес, найза да емес, оқ емес,  
 Келе жатыр жойқын атом кезегі!

Ақыл-ойдың зор табысы, кемелі,  
 Адамзатқа қатер болып төнеді.  
 Нагасаки, Хиросимада жетпіс жыл  
 Қос бомбадан әлі адамдар өледі.

Соны біліп, сезбейді емес АҚШ-та,  
 «Бір от шығып кетпес пе еken оқыста?» –  
 Деген сөзге тоқтау бермей НАТО-сы,  
 Ракеталарын құрып жатыр Батыста.

Шындық түбі кімде екенін көз көріп,  
 Отыргасын айтам беріп сөзге ерік.  
 Шопен, Гете, Байрондардың жерінен  
 Атомдар түр жүрегіме көзделіп.

Біздің тілек – жақсы көніл, дұрыстық,  
 Өмір сүру еңбек етіп, жұмыс қып.  
 Көгершіннің көзінен жас тамызбай,  
 Атом отқа ара тұршы, тыныштық!

## ЖҮРІП ЖАТЫР ҚАНТӨГІС

Тірлік үшін тыныштықты сақтамай,  
Қантөгіске барады осы дәт қалай?  
Дүниежүзілік соғыс өрті тұтанып,  
Жүріп жатқан сияқты ғой тоқтамай...

Таяу Шығыс жанып жатыр сөнбестен,  
Қырық жылдай қырық пышақ белдескен.  
Еуроодақты ұйқысынан ояты  
Ағып барған босқын халық, ел көшкен!

Соғыстардың сөнбеген бір ошағы –  
Қара құрлық қаннан ол да жосалы.  
Әңкі-тәңкі дүниені қоздырып,  
Америка оған итін қосады.

АҚШ-тың ғой тәбеті зор дәніккен,  
Талай таяқ жесе дағы тәліптен!  
Лаңкестіктің бір ұшығы өзінде,  
Бен Ладенге берген де сол анық дем...

Ақ үйге бұл болмаған соң жағымды,  
Каддафи мен Саддам тақтан қағылды.  
Жойқын қару жоқ болса да оларда,  
Бәріне де кінәлі боп табылды.

Ирак пенен Ливияда сор қалың,  
Әлем білді ондағы істің жалғанын.  
Кесірінен басылмайтын соғыстың  
Көре алмай жүр тыныш атқан таңдарын!



Дәл осындақ қүй кешті ғой Шам дағы,  
Пальмираның қирап, шықты шаңдағы.  
Қара тулы қанішерлер жайылып,  
Оны ессіз есуастар қолдады.

Қан бөктіріп батар күнге қол жайған,  
Алеппада жалғасты ғой қан майдан.  
Таяу Шығыс әлсін-әлсін от алып,  
Шыға алмай-ақ қойды қын жағдайдан!

Тарихында өшірілмес із қалып,  
Палестинаның тұр жарасы сыйданып...  
Лаңкестіктің оты өршіп тұрғанда,  
Еврейлерге бермесін де қызбалық?!

Тұрікте де бейбіт тірлік жоқ бүгін,  
Күрді жұрты безеп отыр кек тілін.  
Таяу Шығыс лаулап жана бастады,  
Орап алар сияқты оны отты күн...

Басы шығар болар алда бәленің,  
Оған осы қантөгістер дәлелім!  
Дүниежүзілік соғысқа еніп кеткендей,  
Шыныдайын шытынаған әлемім!..

## МАЙДАНГЕРЛЕР – МЫҚТЫЛАР

Ардагерлер,  
Өшпейді естен алыстағы от күндер,  
Женіс туын желбіретіп,  
Берлинге де жеттіңдер.

Қанды қырғын соғыстан  
аман қайтқан ерлерім,  
Уақыт мұжіп барады-ау,  
тым азайып кеттіңдер...

Оралғанда елге аман, бәрін бір-бір бөрі едін,  
Айтын оны өмірдегі барлығына төре күн.  
Соғыстан соң ауылдың бойына қан жүгірткен  
Еңбектерінді женістің жалғасындаі көремін.

Танкі мінген тарландар тракторға отырып,  
Тыңға түрен салғаны – өзі бір ерлік тақырып.  
Зұлмат соғыс зардабын көріп өскен ұрпақпыш,  
Шолақ аяқ, шолақ қол үстаздардан оқыдық.

Өздеріңмен ауылдың қайта кіріп ажары,  
Гүлденгенін көрдік біз, оны тарих жазады.  
Женіс қандай керемет, Женіс қандай өміршен,  
Күлкісіне көмілген балалы үйдің базары.

Бейбіт күнде жатқасын ерліктерің жаңғырып,  
Өлмейтіндей көруші ек өздерінді мәнгілік.  
Ер кіндікті жарты жұрт кеткендей-ақ сендерге  
Қара тасқа қашалған аманатын қалдырып.

Мықты едіңдер, майдангерлер,  
ок пен отты кешкендер,  
Әлі дағы өмір-жүктің  
қамыт-бауын шешпендер.  
Сонғы демі қалғанша шебін  
бермес сарбаздар,  
Сендерге ғой қарыздар  
бейбіт күнде өскендер!

— ғомітті шаша мұлт  
Тартақтада пілір жағынан азым.  
Параскевың тұлғасынан күннен  
шынындағы ойдан күннен  
найтрух жағынанға нарындағы негізде  
әрімеке, ғылыми жағынан же тәсілі  
Күргі жүрілдеп отыр көсілді.  
Талғандағы шағындықтардың күннен  
жыныштың ойдан күннен жоғару тұлт  
жыныштың ойдан күннен жоғару тұманды.  
Бес Ағылайдағын дәлелдейді, як даюш!  
Оған осы көзінен жалғыз да  
дүниаждындың күннен күннен жоғару тұманды.  
Ніңдең күннен жоғару тұманды  
жетпімің йылғалғынан жоғару тұманды  
мәрсағ міндеттің күннен жоғару тұманды

## КЕШІР БІЗДІ, БОЗДАҚТАР!

Кешір бізді, боздақтар,  
Сталиндік мұңдықтар,  
Әлі күнге тарихта бүкқан  
талай сүмдық бар.

Аша алмады пердесін  
сәл-пәл түскен жылмықтар,  
Көкірекке кептелген запыранды кім құптар?

Сол екен-ау заманның бүлінгені, азғаны,  
Адамдағылардың да құны қалмай тозғаны.  
Құрбан болып елімнің талай арыс боздағы,  
Бабаларым салған із жоғалағой жаздады.

Күні туып залымның  
зәрені алды қамақ күн,  
Жала жауып адалға,  
Сібірге айдал қаматтың...  
Шыңғыртып қой шығарған  
жан дауысын азаптың,  
Деген сөз бар:  
«Қазаққа – жау болды өзі қазақтың».

Расы солай, қайтейік, бірін-бірі айдатқан,  
Қазақ осы, шіркін-ау, сорын өзі қайнатқан.  
«Тыңшысы етіп жапонның»  
тілін бұрап сайратқан,  
Итжеккенге жіберді ел баласын қой баққан.

Шоқпарының қадасына  
сай болғанын қарашы,  
Жазылмайды ешқашан Голощекин жарасы.

Жанға батқан күйелі нақақ сөз бен жаласы,  
Қан түкірді кең байтақ бүкіл қазақ даласы.

Алдындағы аштықтан есін  
дұрыс жия алмай,  
Жүрген осы халықты садақа етер үялмай.  
Қандай оның жазығы болды екен деп  
қиярдай,  
Қойылатын сұрақ көп, ақылға  
бұл сыйр ма-ай??

Бастан кештік, қайтейік,  
замананың құзғынын,  
Жоғалтты ғой халқымыз талай  
ардақ ұл-қызын.  
Түркі әлемі таныған асқақ жырын, ізгі үнін  
Арманда осы кетті ғой,  
қайран Мағжан жүлдізым!

Қанша жылдар өтсе де сезіледі-ау ызғары,  
Жібімейді жүректе қатқан тоңы, мұздары.  
Пешенеге жазылған тағдырдың  
бұл сызғаны,  
Өшпейтіндей санадан қалды терең із дағы...

Қазір елде тыныштық, берекелі бірлік бар,  
Болашақтың тірегі болсын  
дейік бұл құптар.  
Енді ашыла бастады өмірдегі шындықтар,  
Кешір бізді, боздақтар,  
Сталиндік мұңдалиқтар!

## МӘҢГҮРТКЕ

Ана тілді сен игере алмадың  
Орысшага ауып кеткен талғамың.  
Өкең – қазақ, шешең – қазақ, бейшара,  
Олар тістеп өткен болар бармағын?!

Тілді білмей, дінді ұмыттың десек те,  
Қазақ болып қосылғанмен есепке,  
Ұлтың үшін көк тыныңдық құның жоқ,  
Сен өзінді мәңгүртпін деп есепте!

Сенсіз де осы ана тілім асылым  
Жасар, жасар әлі талай ғасырын.  
Ертең қазақ ел болғанда іргелі,  
Сені қайда қосар екен, масылым?

Намысында шырпы жанбас шірігім,  
Сен осылай ұлтың үшін құрыдың.  
Ана тіл мен иманы жоқ адамды,  
Сыртқа итеріп тастайды ертең Ұлы күн.

Ана тілін, ана сүтін тәрік қып  
Жүрген сенде жөнсіздікке қанықтық.  
Өз елінде өзінді өгей ететін  
Өмірдегі осы болар ғаріптік!

## ЖЫЛҚЫ ЖЫЛЫ

Маза бермей жүр осы жанға бір ой,  
Болашақтың өзі де алдағы үрей...  
Қаншалық балағанмен жақсылыққа,  
Жылқы жылым қуанта алмады ғой.

Жетіп жатыр тірлікте жай да ырымдар,  
Одан кейін ырысты қой жылым бар.  
Келер мүшел жеткенше не болады  
Жылқы жылы туылған тай-құлышндар?

Десе дағы әлі алыс шал таяғы,  
Бес мүшелде адам ғой ортаяды.  
Жылқыжас пен адамжас қабыспайды,  
Қос мүшелде тұлпарлар қартаяды.

Тік тиген тасқа жонар от тағасын,  
Кеудесін құйын желге тоспағасын.  
Тұлпар ғұмыр құр бекер өтті дей бер,  
Бәйге алатын бестіде шаппағасын?!

Тағдыр сыйы тірлікте тең бөлінсе,  
Алғымыз кеп тұрады-ау бергенінше.  
Тобыр қалды айғырынан айырылған,  
Қайта оралып жылқы жыл келгенінше!

## АНАЛАР-АЙ, АСЫЛДАРЫМ, АРДАФЫМ!

Аналар-ай,  
Мөлдірекен жаны ізгі,  
Бар әлемнің жарық Күні тәрізді.  
Тіршілікке өмір берген сендерге  
Қалай осы қайтарамыз қарызды?!

Аналар-ай,  
Асылдарым, ардағым  
Әздеріңдей бас имейді жанға кім?  
Біз сендерсіз ұғар ма едік, шіркін-аяу,  
Тіршілікті түйсінудің бар мәнін.

Аналар-ай,  
түн үйқысын төрт бөліп,  
Әбектейтін, бәрін бастан өткеріп.  
Бел бүгіліп, шашына ақ түссе де,  
Одан асқан, одан сұлу жоқ, көрік.

Аналар-ай,  
дарқан көңіл, пейілдім –  
елжіреген үлгісі ғой мейірдің.  
Жанарынан жан шуағын төккенде,  
Ұмыта алар дейсің оны кейін кім?!

Аналар-ай,  
адамзаттың ұлысы,  
Отбасының берекесі, ырысы.  
Ана алдында тағзым ету үшін де  
Адал перзент болу керек, дұрысы.



Аналар-ай, Аналар-ай да-чал  
ақ жүректе алғысы,  
Ізеті мен инабаты бар кісі.  
Адалдықтың ақ жолында оларды  
Алға бастап шығарады ар күші.

Аналар-ай, Аналар-ай да-чал  
Қажымайтын, талмайтын,  
Бар ғұмырын ұрпағына арнайтын,  
От пен суга тұсуден де тайынбай,  
Балапаның көгершіндегі қорғайтын.

Аналар-ай, Аналар-ай да-чал  
қандай биік, өр едің,  
Шыңға біткен шынарлардай көремін.  
Перзенттік бір борышымның белгісі –  
Сіздерге осы тағзым еткен өлеңім!

## АНА ТІЛГЕ ЕҢ БИІК ТҮҒЫР КЕРЕК

Айтып, айтып қажыдық тілді көп бұл,  
Жалаң сөзден бос қарын үлтілеп құр.  
Ана тілім тынысы ашылмаған  
Көкіректі әлі де тілгілеп тұр...

Қосақталған тілге ерген есі қалмай,  
Шыға алады белеске көші қандай?  
Құрмеле де береді-ау әлі күнге,  
Өз елінің төрінде шешіле алмай.

Көп жағдайда әлі де тайқы бағы,  
Жанбай қойды-ау деген бұл ой тұрады.  
Парламенттің өзінде жиындардың  
Бісмілләсі-ақ қазақша айтылады.

Мұсіркеген боламыз көз ілмей құр,  
Мәртебесі тілімнің сезілмей жұр.  
Қашан сөйлер еken деп армандаимыз  
Жұрттың бәрі Елбасым өзіндей бұл!

Қате түзе, бәрін де көшір мейлі,  
Науқандармен ештеңе шешілмейді.  
Бірен-сараң бөтен ұлт өкілдері  
Сайрағаннан қазақ тіл көсілмейді.

Қастерлейтін ардақтап ұғымда ерек,  
Елім үшін орыны мұның бөлек.  
Мәртебесін көтерер мәңгілікке  
Ана тілге ең биік түғыр керек!

## КҮНШІЛДІК ТУРАЛЫ

Тұнығынан терер лайды,  
Күншілдік-ай өмірдегі.  
Кейбіреулер көре алмайды,  
Басар болсаң сен ілгері.

Орын алсаң төрден ерен,  
Қарғысы көп, алғысы жоқ.  
Озып кетсөн, көлдененен  
Тұрады ылғи шалғысы кеп.

Іштарлықты қалайсың ба  
Кеулең кеткен бұл әлемді?  
Батыраштар азайсын ба  
Жолдан тосқан Құлагерді?!

Көре алмаған, қызған іштің  
пәлесі көп жала қылған.  
Қызыл иті қызғаныштың  
Қабады кеп балағынан.

Адалдықтың жақтасы бар,  
дей тұрганмен, біз түнілген  
Ауыр соққы жоқ та шығар,  
Күншілдердің күңкілінен?!

## ҚЫЗЫЛЖАРДЫҢ ГҮЛДЕРІ

Жазда жайнап салатын  
Әдеті ғой жылдағы.  
Көздің жауын алатын  
Көше толы гүл бағы.

Биыл тағы гүлдеп тұр,  
Құлпырганы-ай маусымда.  
Өсіріпті-ау түрлеп бір  
Көшеттерде қаусырма.

Сұлулықты жан іздер  
Өрнектасқа жасырмай,  
Мемлекеттік рәміздер,  
Алаңы да осындей.

Қайтқан еңбек есесі –  
Халық құrap сейілді,  
Конституция көшесі  
Саябаққа дейінгі!

Күдді бір қалың бактайын  
Ескең жұпар нұр лебі.  
Алаулаған оттайын  
Қызылжардың гүлдері!..

## ТІЛШІ БОЛДЫМ ДЕГЕНШЕ...

Күні-түні бітпейтін бір жұмысы,  
Үнпарағым өмірдің ғой тынысы.  
Газеттегі тілші болдым дегенше,  
Жансебіл жан болдым деу ғой дұрысы!

Әркім өзі білсе дағы өресін,  
Жасырмайды қалауы бар дәмесін.  
Менің үшін атақ-даңқың көк тиын,  
Тек Мағжанның аруағы жебесін.

Керек емес төрің дағы, тағың да,  
Қалам болса, болды менің қолымда.  
Жазғанымнан тірі күнде бездірер  
Дақ қалмаса еken деймін жанымда!

Сүріндіре жаздаса да алда өмір,  
Мінезім бар жағынбайтын жанға бір.  
Табынарым – жарық дүние, Күн көзі,  
Төгетүғын жүргегіме таңда нұр.

Жазары мол, жаңалықты парагым –  
Газетімнен тынысымды аламын.  
Көк жусанның ісін одан іздеймін,  
Ұлы болып туғасын да даланың!

Солтүстігім – менің байтақ аймағым,  
Қазағымның бұзбай келген қаймағын.  
Маңдайыма басқан арда газеттің  
Мерейтойын талай рет тойладым.

Бірге өткізген жастық шақтың от күнін,  
Газетімде қуанышым, шаттығым.  
Осы жырым болсын соған бір белгі  
Көнілімнің білдіретін ақтығын!



## АМАН ТУШЫ, АҚБОТАМ

Көптен күткен туар деймін немерем,  
Немереммен мен, әрине, көгерем.  
Атқа мінер ер кіндігім келгенде,  
Ата болып оған осы не берем? Дарын

Азан айтып есім берем елге ұнар,  
Өз атымды тегі етемін тел қылар.  
Шілдехана той өткізіп беремін Дарын  
Ақ тілекпен дастарқанын көл қылар.

Агайынды бір осылай тойлатам,  
Куанғанда қалай шыдап жай жатам?  
Анашыңың жаны қалсын деймін ғой,  
Аман болып, тусаң екен, ой, ботам!

Дарын  
Дарын  
Дарын  
Дарын

Капашыңыздың сорғын,  
Түлесінде жаңадың ғарәм.  
Сандар болып санаң Ж  
Аралықтарыңың даңыншын

Еңеу болады яңа бір ұмыт,  
Конан бір жаңада әлемдің түзін.  
Алғашқынаның құдымын,  
Атасың қолын же сабиттін!

## ҮЛДЕТТИҢ ҮЙІМДІ

Ұғасың ба күйімді,  
Маған бақыт бұйырды.  
Жібердің ғой, құлышым,  
Үілдетіп үйімді.

Сөйлемейсің, бірақ та  
Үілің бар құлақта.  
Тәнірімнен тілеймін  
Деп өзінді жылатпа!

Үілдей бер, гулей бер,  
Бәйшешектей гүлдей бер!  
Қуанышқа кенелткен  
Сен екенін білмей ме ел?!

Сені көптен тостық қой,  
Иіскетсөңші қаңсытпай.  
Аңқамызды қандырган  
Екі шекен торсықтай.

Ұрпағыма сүйінген  
Осы шаттық күйіммен  
Жаным байыз табады  
Үйімдегі үілден!

## ТҮҢҚЫШ НЕМЕРЕМЕ

Тұғанда түңқыш немерем,  
Кең дүниеге тырбанып  
Қуаныш еді-ау не деген,  
Кетті ғой жаным нұрланып.

Аңсатқан туды-ау құлыным,  
Құдайым берді-ау Арланды.  
Менің де сөйтіп ғұмырым  
Болашаққа енді жалғанды.

Жеті атадан жалғызбын,  
Жалғыз-ақ ұлға әке едім.  
Үзілмейтіндей мәңті іздің  
Мен дағы білдім не екенін.

Үзілмес енді тірлігім,  
Жасарып қайта кеттім мен.  
Тілемейді, сірә, ұлды кім  
Ізбасар түяқ деп білген?!

Қанатын қағар құстаймын,  
Толысып қүшім, дәрменім.  
Тізгінін аттың ұстайтын  
Арланым енді бар менің.

Екей болды ғой бір ұлым,  
Көшім бар жолда қалмайтын.  
Аман болсыншы құлыным,  
Атаның жолын жалғайтын!

\* \* \*

Сенсің менің өзегім,  
Балқұрағым көктеген.  
Мейірінді сеземін,  
Жүректегі тәтті өлең.

Менің мәуе бағымда  
Тәтті өлеңге айналдың.  
Құлдырандаң жанымда  
Жүре берші, жайдарлым.

Қуанамын мәз болып,  
Қызықты ғой қылышың.  
Жаныма мәңгі жаз қонып,  
Құйылды шабыт тұнығым.

Бөледім сені өлеңге,  
Жыр толқында тербедім.  
Қайнарың тулас тереңде,  
Көгіне құлаш сермегің.

\* \* \*

Жаздыртпасын неге өлең  
Басыма қонған бақ құсым,  
Сүйікті Арлан немерем,  
Сен маған сондай тәттісің.

Жаныма сондай жақынсың,  
Аталаған тілің бал.  
Ізімді жалғап отырсың,  
Байлығым сенсің бүгін бар.

Жүргім тұрар үзіліп,  
Пейілім барын білесің.  
Атаңың келіп жүгіріп  
Құшағына кіресің.

Шат құлқінді сыйладың,  
Екеу болды бір ұлым.  
Өмірден іркіп жиганым  
Сенікі бәрі, құлыным.

Берсөң шашып тәкпей бер,  
Тәнірім, саған жалынам.  
•Арланым, өсіп, көктей бер  
Атаңың аbat бағынан.

Жанынан

Күннен

Барылай

Дүйнен

## НЕМЕРЕМЕ АРНАЙМЫН

Дәптердегі сымды  
Ұға алады алда кім?  
Оған жазған жырымды  
Немереме арнадым!

Жалғыз ұлға жар Құдай,  
Ұзақ ғұмыр берсін де!  
Өріс болар жанға ұдай,  
Көбелегі ерсін де...

Көбелегі – Күн нұрым,  
Шаңырағым тірегі!  
Сонымдағы бұл құлын  
Жаныма еріп жүреді.

Күннен күнге желкілден,  
Келеді өсіп тентегім.  
Сүймеуге оны еркім жок,  
Өзегімдегі өркенім!

Немереме қерегі  
Болса тауып берейін.  
Құйғым оған келеді  
Жүргімнің мерейін.

Бала базар – балдай күн,  
Қызығына күемін.  
Арланыма арнаймын  
Жырымның бар шуағын!

## АТАЛАҒАН ТІЛІ БАЛ

Куанбайын неге мен,  
Жалғасты ғой ғұмырым!  
Келеді өсіп немерем,  
Ойнақтаған құлыным!

Еркелете беремін  
Жанымға ерген еркемді.  
Тебірентіп тереңді,  
Жаным оған өртенді...

Әсіреке, қазіргі  
Аталаған тілі бал.  
Жадыратып жазымды,  
Жүретінін біліп ал!

Бірге онымен құлемін,  
Бала болып ойнаймын.  
Шаттанады жүрегім,  
Қызығына тоймаймын.

Бары жақсы-ау баланың,  
Алар алда кезегін!  
Немеремнен табамын  
Ендігі өмір өзегін!

## ЖАЛҒАСЫМ БАР

Тәнір, қандай жомарт едің, береген,  
Немеремнің шуағына бөленем.  
Жүргіме жырлы көктем оралып,  
Қайта көктеп сала берді-ау қара емен.

Көптен күтіп жүрген нөсер жаңбырды  
Қара еменнің тамырына нәр кірді.  
Бақшасында қайта құсын сайратқан  
Бақытыма балаймын ғой тағдырды.

Өніп шықты көк өскінім, бүршігім,  
Тағдырыма алғыс айттар бұл шыным.  
Енді менің жалғасым бар мәңгілік,  
Тоқтатпайтын жүргегімнің дүрсілін.

## АНАШЫМ, СЕНИҢ АРҚАҢ

Сезім селін көл етіп жаңбырлаған,  
Ақындықты сыйлапты тағдыр маған.  
Күндеріме ризамын кірпік ілмей,  
Тұнді өткізіп, қаншама таңды ұрлаған.

Ой-қиялдың көп жүздім айдынында,  
Батпай аман, әйтепеүір, қайғы-мұнға.  
Шаттық дәурен бірақ та қайдан болсын,  
Жетім өскен шүрқырап тай-құлында?!

Айта берсе, жүректің жарасы мын,  
Әкенің үлдан жалғыз баласымын.  
Қатал өмір жылата алмады ғой,  
Жастай құрғап қалғасын қарашығым...

Анам болды періштем, пірім менің,  
Жетімдігім содан да білінбеді.  
Жыртық үйде жүрекке жылу барын,  
Ұға алады дейсің-ау бүтінде кім?!

Түсे бермес тірлік-ай еске күнде,  
Мұнар бұлттай басымнан көшкені ме?  
Анам ылғи мұңлы бір ән салатын  
Қыстың ұзақ көңілсіз кештерінде.

Кейін білдім, көбі оның дастан екен,  
Жан ауыртқан аяныш жасқа бөтен.  
Анам менің осылай жүрегімде  
Жыр бұлақтың қайнарын ашқан екен.

Қандай өзің мықты едің, темірмісің,  
Ауырсынбай көңіл шер шөтіндісін?!  
Жүрегіме құйғаның жырдан сәуле,  
Анашым-ау, алдымен сенің күшің!

## МӘҢГІЛІК ЖАР

Алған әбден жүргімді, жанды ұғып,  
Шыдамдылық міnezіңмен таң қылып,  
Өмірімнің өзегіне айналған  
Өзіңсің ғой мәңгілік жар, мәңгілік!

Сағыныштың сыр сезімін қозғадым,  
Жан тербетер жазған осы аз ба әнім?  
Көз жұмғанша адастырмас алаулап,  
Мәңгілік жар, сенсің менің маздағым!

Сорлы ақынға жар болуды қалаған  
Саған енді қандай кінә таға алам?  
Маған өкпе артпайтын да шығар ғой  
Балқаш көлге безіп кеткен шағалам...

Көзге түскен жоқпын жақсы күйменен,  
Жұтап жүріп, жатты сыймай үйге өлең...  
Жұдеу тартқан жанымды сол ұғынып,  
Бекер мені шығарсың-ау сўйиғен?

Бүтін бәрі соның алыс сағымдай,  
Тапты қазір көңіл тыныш, жаным жай.  
Қуанамын құрғаным шанырак,  
Сенен өзге лайықты жан табылмай.

Өмірде ғой үй болу да ұлы сын,  
Шытынатпай көңілдің бұл шынысын.  
Тағдыр қосқан жолымыздың, жаным-ау,  
Өзің таңдап жүрсің әркез дұрысын!

Алған әбден жүргімді, жанды ұғып,  
Шыдамдылық міnezіңмен таң қылып,  
Өмірімнің өзегіне айналған  
Сенсің, жаным, мәңгілік жар, мәңгілік!

## АЙТАМЫН ФОЙ ТҮСПАЙЛАП...

Айтсам, қызым, түспайлап,  
Аларсың-ау құп қайсын?  
Жалғыз ұшқан құстай боп,  
Есімнен бір шықпайсың?!

Шошытпай неге қойсын күз,  
Өмірдің өзі алда елес...  
Қанша жүрер дейсің біз,  
Әке-шешең мәңгі емес!

Мазалап жалғыз жүргенің,  
Ұйқы жоқ бізде, күлкі жоқ.  
Тілейміз саған күнбе-күн,  
Бақытын өмір мүмкін ет!

Боларын қайдан білейін,  
Ініншің қандай көмегін?  
Әйтеуір ұшып үрейім,  
Сен үшін қорқа беремін.

Шығып кетті тісімнен  
Жүртқа жаймас жариям.  
Болашағың үшін мен  
Аландаймын фой, Фалиям!

Еріншексің, тарттың кімге құлышыным?!.  
Мен барында білінбейді бүтінің.  
Тұсінерсің, өмір мәнін ертең-ақ,  
Құрсауынан айырылғанда күбінің...

Сезінбейсің тұрмыстың бұл салмағын,  
Өмір жолы сынақ салар алда мың.  
Қамыт киер кез келгенде мойныңа,  
Мұлде қамсыз болып, қалқам, қалмағын.

Саған қалай шынымды айтпай шыдармын,  
Жеті атадан ер кіндікті сыңармын.  
Өзім жетім өскендікten, өзінді  
Еркелетіп төбеме де шығардым.

Мүмкін менің кінәм болар, тегі, осы,  
«Өмір басқа, бүтін, әке!» демеші.  
Үзілмейтін үрпақ жолдың өзегі –  
Соқпақ салар сүрлеуінде келесі.

Сондықтан да, қалқам, саған сыншымын,  
Қалғанынша сүлде жаңым құр шыбын.  
Тіршілікте тырбану да керек бұл,  
Жұмыр жердей айналдырған үршығын.

Болсын есте, ерінбегін, еңбектен,  
Тек еңбекпен арман-шыңға қол жеткен.  
Сен де ертең сезінесің жүгінді,  
Өз ұлынды көтергенде жөргектен.

Көру үшін ғұмырдың бар жемісін,  
Толтыруың керек олқы, кемісін.  
Біреу үшін қаптың аузын көтерме,  
Нар болуың керек, ұлым, ел үшін!

## БАЛ НЕМЕРЕ СҮЙГІЗДІҢ

Гүлдене бер жайып бақ,  
Бақыт құлкің төгілсін.  
Құлыныма лайықтап,  
Құдай берген келінсің!

Гүлді әлемді көзіңе  
Жиып берсек несі мін?  
Жарасып тұр өзіңе  
Гүлжиһандай есімің.

Көптен ерек былайғы  
Көзге түскен бұл күні.  
Сенің, қалқам, ұнайды,  
Етіңнің ғой тірлігі.

Тәуба дейік Тәңірге,  
Өзіндей келін көкседік.  
Болып жүрсің өмірде,  
Жалғыз ұлға жансерік.

Жеттік сөйтіп тілекке  
Жанымызға құйған нәр.  
Ұялаған жүректе  
Иманың мен ибаң бар.

Мерейге мерей қосасын,  
Алып жүрттың алғысын.  
Ата-анаңа тосасың  
Дастарқанның дәмдісін!

Құтты келін атандың,  
Бал немере сүйтіздің.  
Сөйтіп, қалқам, атаңның  
Төбесін көкке тигіздің!

## ЖЫРТЫЛҒАН ЖЫРЛАР

Өзім де түсінбеймін мына жайды,  
Жүргімнен жыр тасқын құламайды.  
Бұрынғыдай төгілтіп тастамаймын,  
Жазамын да жыртамын,  
Ұнамайды!

Жазғандарым көз ілмей түніменен  
Көрінеді еместей бүтін өлең?!  
Жыртылған жыр жаңымды жей береді,  
Түсіндіре аламын мұны немен?

Көшкені ме көк сағым көңілдегі,  
Көкжиектің бұл әлде сөтілгені?  
Көз талдырып қаншама қарағанмен,  
Нөсерлеп жауар бұлтым көрінбеді.

Сонынан қалмай қойған қырсықтайғы,  
мазалар, осы бір жай тыншытпайды.  
Көленке ойды көңілден сілкіп тастап,  
Жүректі аршып алмай дым шықпайды!

Асырмай шектен аса жан шыдамын,  
Мөлдіретіп дұрыс-ау аршығаным!  
Жыртылмастай жазылып қалар сонда  
Жүректегі жыр маржан тамшыларым!

\* \* \*

Жыр тумаса көнілдің жүдегені,  
Соңғы дәптер жазылмай қалды-ау осы!  
Өлең ғана жүрекке гүл егеді,  
Одан артық менде жоқ жан дауасы!

Соны іздеймін, соңғы бір серпінімді  
Асырғым-ақ келеді арнасынан.  
Ауыртпаған бұл сезім дерті кімді,  
Жол таба алмай қиналадам жар басынан!

Бәріне де көнеді-ау ақын жаным,  
Серік болып жүр бүтін шыдам маған.  
Соңғы сөзді шегелеп отырғаным –  
Биітімнен құлайын шыға алмаған!

Тәрібесін піссе жаса бойса шы,  
Соңғы дәптер қалдыру той ойда жүр.  
Соңғы егер меніңдіккө сөздей,

Ауырттаудай қайтта жашу көндің шығады.

## ЖЫР АРНАСЫ

Жыр пернесін жүректің басып оттай,  
несін ойдың жасырам тасып ақпай?!

Күйгым менің келеді өз теңізіме,  
Төгіп-шашпай, жырымды шашыратпай...

Өмір – өзен сияқты бұл өлеңнің  
Түбінде бір теңізге тірелерін  
Сезе тұра, Тәнірден, шыным осы –  
Кемері бар арнасын тілегенмін!

Терең арна, тұп арна –  
Жыр басы үміт,  
Қала алмайды қайнарын құм жасырып.  
Арналы ағын жетеді көк теңізге,  
Жайылма су кетеді құмға сіңіп...

Донғолам калған жағын калғындағы,  
жазадар осы бір жаңы түштікінде,  
Болашақтағы тәсілдердегіңдең тастау,  
Жүрек іриңнан алғанда даңыншаңды

Акыртқан дәстүрдегі жаңы тәсілдердегіңде,  
Миндердегі мәрдеге арнап таптаңын  
Жоғартынатаң жаңынан Ісаф салса  
Жүрек жүр маржан течесін төрьым

## ӨКПЕ ЖОҚ

Туламайды деп бүтінде сөкпе көп,  
Жанып біткен жүрекке ғой өкпе жоқ.  
Күз жеткенде жапырағын ұшырып,  
Кәрі терек қалай қайта көктемек?

Жемірілген жағалаудай толқынға,  
Тосқауыл боп тұра алмайсың, алқынба!  
Түбінде бір жығылу бар тұра алмас  
Өмір сүру деген адам шартында!

Құйылардай жыр буганмен төкпелеп,  
Қазір оған шабыт тілер өкпе жоқ.  
Ақын болу қолдан мүмкін келсе де,  
Адам болып қалу одан көп бөлек!!!

Тәңірінен тілеп осы бойға нұр,  
Соңғы дәптер қалдыру ғой ойда жүр.  
Сөнсөн енді мәңгілікке сөнесін,  
Жанартаудай қайта жану қайда бұл!

## СОҢҒЫ ДӘПТЕР

Соңғы дәптер – соңғы сөз секілденіп,  
Отырғаны анық бұл секім беріп.  
Бірақ оны бастамай болмайды ғой,  
Көкжиекке келеді екінді еніп...

Жүргегімнен құйылып төккен жырым,  
Жастық шақты жырладым, қөктем гүлін.  
Аға болып, азамат жастан өттім,  
Бір басыма жетерлік шеккен мұным.

Өлең болып өріліп, сөз құралған,  
Өмір-елес көшеді көз мұнардан.  
Солғанымен сағыныш сарғалдағы,  
Көңілімнен өшпейді мөлдір арман!

Ауыртатын аямай жарасы жан  
Кезді ұмытып, ұмітті таңға асығам.  
Шындық іздең шырылдап жүрмін әлі,  
Атқан Күн мен батқан Күн арасынан!

Шытырлаған шынысы, мұзы бардай,  
Қорқынышты алдағы ізім, Аллай-ай!  
Қаншама осы белгісіз жер басарым,  
Жүректегі жыр жібін үзіп алмай?!

Көкжиекке жеткізбей қонар сағым,  
Қол созғанмен таба алмай жан аңсарын,  
Соңғы дәптер толмай-ақ қала ма осы,  
Түсіп кетіп қолымнан қаламсабым...

## СОНГЫ НҮКТЕ

Болмағанмен қорқыныш, түктеме ойда,  
Тәубе етемін батқан Күн, біткен айға...  
Білмеймін ғой бірақ та, білмеймін-ау,  
Ең ақырғы, ең соңғы нүктө қайда?

Ұшқыр уақыт, талап жеп ғасырымды,  
Зымырандай зулайды осы күнгі.  
Ханталапай ойыннан күнде ұтылам,  
Баладаймын – жоғалтқан асығымды.


\*  
Аспаннан жүлдиз ағып, жауады кеп,  
Бітпейтін бұл тірліктің, сауалы көп.  
Бақыт іздей беремін әлі күнге,  
Бірақ тағы, ал соның жауабы жоқ.

Жүректегі жансерік жырым менің,  
Сен де аяусыз, жанымды тілімдедің.  
Сүйіп жаздым,  
Кейде осы қүйіп жаздым,  
жоқ сияқты, япырмай, бірінде мін.

Дос азайды, қатары селдіреді,  
Жан жетер ме,  
Оларға кең жүргегі?  
Шығара ма төріне танымайтын  
Балалары ауылдың енді мені?!

Осы ма екен Өмірде іңір деген,  
Тұяқ бар ма түбінде сүрінбеген?  
Шөлдеп келіп, суы жоқ қаңсып қалған,  
Шыңыраудың, шіркін-ая, түбін көрем?!

Бірде бізді Тәнірім қайырады,  
Қара жер де қайыспас ойылады.  
Батқан күнді,  
Тауысып біткен айды,  
Сонғы нүктес өмірде қойылады!..



Екінші бөлім

СЕН ДЕГЕНДЕ ҮЗІЛЕДІ  
ЖҮРЕГІМ

## ҚАРЛЫГАШЫМ, СҮҚСЫР ҚҰСЫМ ҚАЙДАСЫН?

Сусылдатып, жылдам қақсан қанатын,  
Бір бұтаққа сымдай қатар қонатын,  
Қорасында ауылдағы бар үйдің  
Қарлығаштың ұялары болатын!

Қалай салған дерсің мұндай құттыны,  
Үлпілдеген ішінде мүк түбі...  
Құс ішінде көргенім жоқ өрілген  
Қарлығаштың ұясынан мықтыны!

Бұрынғыдай нүр құяды көкте Күн,  
Жазға жылда жеткізеді көктемім!  
Бірақта мен түсінбеймін неге осы  
Қарлығаштың бізден безіп кеткенін?

Көрінбейді айыр құйрық ұшқырым,  
Былай жору керек мүмкін құс сырын:  
Біздегі ауыл тегіс көшіп жатқасын,  
Тастамайтын болды ма олар түстігін!

Айқыш-ұйқыш кесіп адам жолдарын,  
Шырқау көкте шырылдап бір қалған үн...  
Мен ғой сені сағынам да тұрамын,  
Қанатымен су себетін қорғаным!

Тұрмыс қазір көтермейді жай да сын,  
Құс та болсаң, бастан бағың таймасын!  
Сені іздеймін, сусылдаған қанаты  
Қарлығашым, сүқсыр құсым, қайдасын?

## ГӘККУ ӘН

Шабындық басы,  
мосыда демін  
Алады қайнап ақ құман...  
Басын сүйеп басыма менін,  
Салады анам гәкку ән!

Шабындық басы,  
шалғының шыңы –  
Шыңдалар тыныс сәт қой бұл.  
Ананың осы ән-жырын шыны,  
Өшірмей есте сақтайды ұл!

Гәкку ән, шіркін,  
төгілген кезде  
Тербеліп, толқып жоңышқа далам...  
Бір тамшы жасты көрінген кезде  
білдірмей сұртіп,  
намысқа жанам...

Белім де талды,  
Қолымның қары  
Үзіліп тіпті кетер ме деймін.  
Бозторғай шырыл –  
көнілдің зары,  
Гәккуді медеу етер ме деймін?

Отырып аздал,  
Аламыз тыныс  
Анамның әні тірліктен белгі...  
Демін-ай сонау даланың шырыш,  
Сағынам әлі гүл біткен белді!

Ақ қайындар да қосылып оған,  
Сыбырлап сырлы қонғандай бір үн...  
Осының бәрін, асылым, анам,  
Айтармын қалай толғанбай бүгін?

Шабындық басы,  
мосыда демін,  
Алады қайнап ақ құман...  
Басын сүйеп басыма менің,  
Салады анам тәкку ән!

\* \* \*

Жоңышқалы шабындыққа жетер ме ем,  
Жетсем, аунап бала болып кетер ме ем?!  
Шай ішер едім, мосыдағы шәйнектен,  
Қайнай-қайнай қақпақшасын көтерген...

Естегінің бәрін қайта екшейін,  
Жаңышқалы шақыр мені төскейім?  
Көк майсалы шабындықта шалғылар –  
сыр-сыр етіп шапқан кезін көксейім.

Бәрі де есте өткен күннің, елестің,  
Жетім күннен жетеді алыс көмескі үн...  
Анама еріп шөп шабамын шалғымен,  
Онда мен ғой онға толған емеспін!

Күні бойы таппай осы жан таныш,  
Бел талатын, демге енетін алқыныс.  
Шаршағанда шай ішеміз отырып,  
Оның өзі беруші еді жарты күш!

Шайға қанып, алған сол бір тынысты-ай,  
Көз алдынан тұрады әлі жылыспай...  
Көп жұмыстан қалған із жоқ еске алар,  
Бала кездегі шабындықтағы жұмыстай!

## САҒЫНДЫРДЫҢ, АУЫЛЫМ, САҒЫНДЫРДЫҢ,

Сағындырдың, ауылым, сағындырдың,  
Түсімде де өзіңе барып жүрмін.  
Бала кездің аңқыған саумал дәмі,  
Самал желін аңсадым сағым қырдың.

Қайта оралтып әкелсе бәрін бір күн,  
Сол ортадан, Тәнірім, табылдырғын.  
Кіндік қаным тамған жер оттай ыстық,  
Туган жерде махаббат барын білдім.

Ана сұттің өзіңде дәмін білдім,  
Түйсігіне түйсініп өмірдің мың.  
Әлі күнге жақсылық атаулыны  
Салыстырып өзіңмен танып жүрмін.

Көңіл көлін телегей ағын қылдың,  
Мені, әйтеуір, өзіңе бағындырдың.  
Сағынғанда солдырмай үміт гүлін,  
Құстай ұшар қанат бер, сабылдырғын.

Қайыңыңмын, үйенкі, тобылғыңмын,  
Көпсінеді бергенін Тәнірдің кім?  
Намысына тимесе, қойдай жуас  
Бірі менмін момақан, момын ұлдың.

Болған болса, титтей бір көңіл кірбін,  
Тозаңына айналды өмір-гүлдің.  
Қуаныш пен шаттығы бастан асқан  
Есебінен күндердің жаңылдырдың.

Күйдірдің де отына жалын жырдың,  
Топырағыңа киелі табындырдың.  
Жүргегімде ат байлар ашамайым,  
Өзіңсің ғой, ауылым, сағындырдың!

## АУЫЛ ДЕГЕН САҒЫНЫШЫ КЕҢ АРНА

Құс сияқты өзің тұған жағында үш, демесен де,  
Таусылмайтын сабылыс  
Тудыратын мынау інкәр жүрекке,  
Ауыл деген арнасы кең сағыныш!

Ауыл деген қанбай қойған сусын бір –  
Бал қымызы бой қыздырып,  
Тусын жыр!  
Бара қалсам бала кездегідей құрт ұрлап,  
Әжелерім таяқ алып қусын бір...

Ұмытылмас қызық құндер өткерген,  
Ауылымды қиып қалай кеткем мен?  
Жиі оралып жүрем енді түсімде,  
бұлдіргені тұнып тұрған бөктерден?!

Орманды өлке –  
Құсқа мәнгі ән мекен,  
Желкілдеген ақ қайыңымен сәнді екен.  
Жапырақтары сыйбыр сырға көшкенде,  
Қандай адам сырын ашпай қалды екен?

Ауыл деген сағынышы кең арна,  
Сыймайтұғын жүрек пенен жанарға.  
Аңсап сені,  
Жыл құсындаі оралсам,  
Менің оған қанатым бұл талар ма!!

## АУЫЛДЫ АҢСАУ

Көретін кейде, япымай, тұсте елесін,  
Ауылым, әлі маған күш бересің.  
Келмей кетсем өзіңе, бәз біреулер  
Ұясынан безген бұл құс демесін.

Балуан көлім, тана көз мөлдірім-ай,  
Ауылымда өзіңді берді Құдай.  
Құнұзаққа шомылып, ойнаушы едік,  
Көзден ұшқан сол шақтың кемдігін-ай!

Шетте көптен жүргесін жат сияқты,  
Бала кезгі болдық қой досқа ұятты.  
Ауыл жаққа келеді тартып кеткім  
Жалаңақ сүрлеумен жас қияқты.

Өмір керуен інірге ауғанда күн,  
Сағынамын ауылдың саумал дәмін.  
Қымыз ішкім келеді жел қақпада,  
Жас құрақтың жайып сап бауланғанын.

Тымық кеште түтіні қоңырсыған,  
Бұлқынады биікке көніл шыған.  
Жетер ме деп аңсаймын қыр астынан  
Сылдырлаған бұлақтай өміршіл ән...

Сағынышпен сарғайған шетте мендей  
Ел баласын сыртқа ешкім теппеген ғой.  
Қала қанша жұмақтай көрінгенмен,  
Болып тұр ғой ауылым жетпегендей!..

## ЕЛГЕ САҒЫНЫШ

Дәмін қашан бұйыртады,  
Ауыл қазір болды бөтен.  
Балуан көлге биыл тағы  
Аққу құстар қонды ма екен?

Болмады ғой бір хабары,  
Мені ұмытып кетті ме екен?  
Аспандағы тырналары  
Тыраулатып өтті ме екен?

Соның бәрі ыстық маған,  
Бәлкім, қатты сағынғаннан.  
Жастау кезден түк те ұқпаған  
Бұлдыр мұнар сағым қалған...

Іздеймін ғой, көз передеден  
Сұртемін де сол сағымды...  
Бала кезден өзгермеген  
Көрсем деймін аңсарымды!..

Жоқ-ая бірақ құлын желі,  
Қайда кеткен қозы көген?  
Таңсық болды бүтіндері  
Бие байлау өзі деген.

Толмайды енді көңіл шыған,  
Қанша гүлдеп, көктемесін  
Қыр астынан қоңырсыған  
Тезек иісі жетпегесін.

Ой-қиялға бойлаймын-ау,  
Алмаған соң көптен дерек.  
Ауылымды ойлаймын-ау,  
Мұлде өзгеріп кеткен бе деп.

Баса алмаған бауырға елді,  
Қателігім болған шығар.  
Дос қалмады ауылда енді  
Арсалаңдап алдан шығар?!

Көңілдегі сарыңа  
Балыңғы ашылаған тобыны  
Жібартың қызың настарын  
Алғашкынан сізге анылған

Атасың жайылған тәріл  
Шының тәрілдегі жітіл  
Бақасың тәрілдегі жітіл  
Нарын-тәріл миңнегін

Тарихына қанық үз  
Еңшілесінде қарымдаш  
Сенің көзіңің бәрінір,  
Балуаным – бауырым!

## АУЫЛЫМ

Кешпей-ақ бастан даланың,  
Дүлей табиғат дауылын,  
Тоз-тоз болып тарадың,  
Ауылым, қайран, ауылым!

Жанымның қылын қозғайды,  
Атадан қалған мұра едің.  
Ботадай бүгін боздайды  
Ауылсыз қалған жүргегім.

Байлайтын желі құлынды,  
Көрмейсің қозы көгенді.  
Балуан көлдің бұрынғы,  
Думанды шуы жоқ енді.

Бәрі түр тозып, ескіріп,  
Не айта аламын жұрт жайлы.  
Қоңырсып жатар кешкілік  
Қидың да іісі де шықпайды.

Көште қалған кембагал,  
Жетім-жесірлер тұндігі.  
Жасадың-ау елге обал  
Дейтін кім бар бұл күні.

## СЕҢІ ІЗДЕЙМІН АУЫЛЫМ

Жүргенімен жан аман,  
Жүрегімде қайғысын.  
Тоз-тоз болып тараған,  
Балуаным – байғұым!

Жалап жүрген жарасын,  
Ауылдасқа ой салам.  
Құрып, бітіп барасың  
Балуаным – бейшарам!

Кімді кім бұл ойласын,  
Тілейді әркім өз қамын.  
Оңалмайтын жайдасың,  
Балуаным – боздағым!

Қалды өзінде қураған  
Жетімдер мен жесірің.  
Қурай басқан қу далам,  
Балуаным – бесігім!

Думаны жоқ бұрынғы,  
Ұмыттырмас жаз әнін.  
Төккен жүрек жырымды,  
Балуаным – базарым!

Тарихыңа қанық ұл  
Ұмытпайды қауымын.  
Сені іздеймін бәрібір,  
Балуаным – бауырым!

## БҮГІНГІ АУЫЛ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕШЕ

Бірін-бірі балап туыс, бауырға,  
Жоң арқасын тосып бірге ауырға,  
Бір атаның баласындаій барлығы  
Тұратын жұрт бұрын осы ауылда.

Менікі мен сенікіге бөлмейтін,  
Ешкім онда тарыншылық көрмейтін.  
Қолда барды бөліп бірге жегесін  
«Өзек талмас кең ырысты ел» дейтін.

Әдетінен аулақ елдің өспейтін,  
Ақсақалдың алдын ешкім кеспейтін.  
Қала кезіп, тентіреген бірі жок,  
Ата жұрттан қотарыла көшпейтін.

Алтын бесік болды-ау осы ел деген,  
Дәүлетіне қарап жұртты бөлмеген.  
Қазіргідей сауда қуған бірі жок,  
Адам ары өлшенбейтін теңгемен.

Күрпілдетіп бәрі күбі пісетін,  
Сапырылған сары қымызы ішетін.  
Соның бәрі қайда кетті, япыр-ау,  
Қимас күнге айналды еске түсетін!

Бұгінде гой тұтіні оның сиреген,  
Жадау ауыл, жүдеу тартқан күй көрем.  
Бұрынғы кең дарқандығын ұмытып,  
Құр сұлдері қалған жандай күйрекен...

Таба алмаған өзгеше өмір қолайын,  
Ауылым қалай кінә тағайын?  
Бауырластық сезімінен айырылып,  
Жат болуға айналыпты-ау ағайын.

Қолы ұзындар қоныс тауып жайлыша,  
Қалталылар болып алған «бай-құлақ».  
Ауылдағы қалған жүрттың бүгінгі,  
Маңдайынан ырыс кетіп, тайды бақ.

Тәнір емес, өмір өзі кемсіткен,  
Ақтай болып табылса да ел сүттен.  
Ағайындар отыр қазір қалтырап,  
Көк тиынсыз қалған ортақ меншіктен.

Ол туралы асқақ еді-ау сөз кеше,  
Бүгінгі ауыл бұрынғыдан өзгеше.  
Құса жырым туар ма еді жүректе,  
Жан ауыртар осы жайды сезбесе?!

Осы күндердегі барімті күншінде  
Бұл шынында орналасқан  
Бұл шынында орналасқан  
Көзінде күншінде орналасқан

Алғасында жағадын көзде берапті  
Алғасында жағадын көзде берапті.  
Кала мәнін, төннен жүр жасарын,  
Сырттан қалғанында, жән бағарын.

## ҚАЛАЙ ЕНДІ ТҮЗЕЛЕДІ КӨШ ЖҮРІП?

Жастар кетіп, кәрі-құртаң қалғалы,  
Азайты ауыл шілдехана, қалжаны.  
Мектептегі бала саны азайды,  
Тығырыққа тіреп отыр ол дағы.

Көгендері қозы-лақпен ойнаған,  
Ал немесе «Ата, қашан қой бағам?» –  
дейтүғындаі бала қалмай барады,  
шынымды айтсам, соған қатты ойланам!

Асық тіккен тақыр жерге шөп өсті,  
Қора-қопсы, үй біткеннің бәрі ески.  
Су алатын құдық қаңсып қалыпты,  
Ауыл жүдеу, болашағы көмескі.

Қыр астынан тұратүғын естіліп  
Азан-қазан шуы да жоқ кешкілік.  
Ауылды ойлап, ауыр мұнға батамын,  
Қалай енді түзеледі көш жүріп!

Күрделегендегі бірінші шарты:  
Салынғалған бары ғанаңыз ғанаңыз  
Сендеріңін күнделік шынымдарынай,  
Килас күнде діңалын жеке үзестіңіз

Бүгінде мен дүниен солын сирсетен,  
Жадау дүни, жүзегү тарбияғүй көрекі,  
Бүгінші көн адамнан ылғын үмітшіш  
Күрделегендегі жаңадан күрінетен.



## АУЫЛДАСТАР АМАЛСЫЗ КӨШІП ЖАТЫР

Үміт жібі үзіліп, кесілді ақыр,  
Бірте-бірте шамдары өшіп жатыр.  
Қимаса да туған жер топырағын,  
Ауылдастар амалсыз көшіп жатыр...

Кезінде ғой, ауылым, керім едің,  
Болатұғын суың – бал, жерің – егін.  
Кіндік кескен жерімнің күйін көріп,  
Іштей жылап боздаймын, егілемін.

Сорақыга көндіксін сана қалай,  
Қойсын ба ол жанымды жараламай?  
Жоғалттым-ау ауылды жүргегімнен  
Жарқыраған шамдары самаладай...

Курай ызып тұрғанда есік алды,  
Бүгінде оның жоғалмай несі қалды?  
Қалды ауылда жұтаң жұрт, кәрі-құрттан,  
Әлдекашан әлділер көшіп алды.

Осы ауылдан бәріміз күш алып ек,  
Тұратынбыз сағынып құшағын от.  
Бұрынғыны қазірде елестетер  
Көзге түсер бірде-бір нысаны жоқ.

Алғасын да жоғалтып қолда барын,  
Ауылда ажар көреміз қалмағанын.  
Қала кезіп, тентіреп жүр жастары,  
Сырттан іздең ырысын, жан бағарын.

Кім түзейді енді оның шетен кейпін,  
Қалар бізге қарыз боп өтелмейтін.  
Сиқы қалмай барады-ау ауылымның  
Думан тойлы, шат көніл мекен дейтін.

Шау тартады шаңырақ, оттың басы,  
Елу асып кеткесін көптің жасы.  
Жөргек иісі шықпайды нәрестенің,  
Шілдехана тойлары жоқтың қасы.

Кәрі тістей кемтілген көшелерден,  
Сенбейтіңдей секем жел есе келген.  
Енді ауылдың гүлденіп кетпесі анық,  
Үйіп-төгіп уәде бер неше жерден.

Ауылдастар амалсыз көшіп жатыр,  
Бірте-бірте шамдары өшіп жатыр.  
Топырақты киелі қан жылатып,  
Көшкен жұртта қаңсыған бесік жатыр...

— аз пікір шуктілдің издеңдай ы  
— то нызашуда пынғас сағыншылау  
— — — — — — — — — — — — — — — —  
— — — — — — — — — — — — — — — —  
— — — — — — — — — — — — — — — —

— аз пікір шуктілдің издеңдай ы  
— — — — — — — — — — — — — — — —  
— — — — — — — — — — — — — — — —  
— — — — — — — — — — — — — — — —  
— — — — — — — — — — — — — — — —

## ОРНЫН СИПАП ЖАТЫРМЫЗ

Дүрліктірген жабыла,  
Әңгіме желдей еседі:  
«Ауылдың биыл тағы да  
Бес-алты үйі көшеді...»

Іргесін сөгіп көшеді  
Осыншама шаңырак,  
Гұлденген мекен кешегі  
Көз алдында қаңырап!

Ауылда кескін қалмады,  
Үйлердің көбі үйінді.  
Бұлышығыр күні алдағы,  
Білмеймін кімге тиімді?

Ұжымшар болып біріккен  
Аталар құрған тірлікті  
Жетідей жеп шіріткен,  
Күн туарын кім күтті!

Ауылдың жаны жаралы,  
Жайқалмайды төсте егін.  
Ұмытылып барады  
Азан-қазан кештегі үн...

Даланың жолы жоғалып,  
Тарам-тарам тартылған.  
Бұрынғы ауыларалық,  
Жүріс-тұрыстар сарқылған.

Құстардың салар таңғы әнін  
Мұлде ұмытып қалғандай.  
Оталып біткен орманым  
Күйге түсті сормаңдай!

Жасырып қанша тықпа мұны,  
Жанға батады удай мұң.  
Мазалайды шыққан үні  
Ызын қаққан қурайдын...

Бол баласы, бол ақыны,  
Өкін мейлі, өкінбе!  
Шетінде ауыл қалатыны –  
Жетім зират жел өтінде!!!

## АУЫЛДЫ КӨРІП ЖҮРЕГІМ ҚАТТЫ АУЫРДЫ

Жуырда барып ауылды көрдім, ауылды,  
Ондағы жүдеу, еңсесі түскен қауымды.

Жоғалтқан көбі ағайын мен бауырды,  
Ауылды көріп, жүрегім қатты ауырды!

Егілді жаным, көзімнен кетті жас тамып,  
Бірлігі жоқ бүтінгі ауыл – басқа жұрт.  
Қотарыла көшкен елінен безу басталып,  
Онжылдық мектеп отыр ғой ақыр бос қалып...

Қашатын тастап ауылды, туган бесікті,  
Сүмдық барын бұрын кім біліп, есітті?  
Ие таппай үйіне, қалдырып ашық есікті,  
Көбісі жұрттың қалаға қарай көшіпті.

Қайда барсын түрмисы жұтаң кембағал,  
Кәрі-құртаң таба алмаған енді амал!  
Болса да біздің қонып-көшу қанда бар,  
Жұртта қалған көш сонындағы елге обал.

Азайып туыс біріне-бірі сүйеңкі,  
Еңсесі түскен елдің тірлік күйі еңкі.  
Әбден тозып кетілті-ау ауыл, үй реңкі,  
Барады басып қамыс пен қурай, үйенкі...

Ауылға барып көріп қайтқан жай мынау –  
Жан ауыртып, оны алдыңа жайдым-ау?!

Елден безген көшкіндерді айтпаймын,  
Қалған жұрттың жағдайы осы қайғылау!

## ЖЕТИМ КӨЛ

Айналмаса ақ сағым елеске елі,  
Әупілдегі бір әуіп демес пе еді?  
Тұрғындары бытырап тоз-тоз болған  
Жетім көлдің бетінде жел еспеді.

Мұнға батып жоғалар мүмкін көлім,  
Таусылады менің де бір күн демім.  
Кеудеме ұрып, жүгіріп шашайыншы  
Желге ұшпаған қоганың ұлпілдегін!

Күн ұяға еңкейді, аспандатпай,  
Шетте жүріп, сезгем жоқ асқан бақты-ай.  
Көлім жетім болған соң, мен де жетім,  
Жалғыз қалған шерменде қасқалдақтай.

## МЕКТЕПТІҢ КӨК СИЯСЫ

Балалықтың бар есте ескі ұясы –  
Қамыс мектеп және оның көк сиясы!  
Болатын ол бірнеше оқушыда,  
Көбімізде езілген пеш күйесі...

Ортеніп кеткен мешіт орнындағы  
Қамыс мектеп елестеп, қол бұлғады.  
Білім алған шөліркеп сол ұядан  
Өшпес сурет көнілден солғындағы!

Соғыстан соң ес жинап енді ғана,  
Бейбіт жолға түсірген елді жаңа –  
Сол кездегі ауылдың мектебінде  
Сабак берді ұстаздар ең ғұлама!

Жазылатын зат есім, сан есімі,  
Тақта орнында мешіттің қара есігі...  
Қыс кезінде – күн қысқа, бықситүғын  
Шамға құйған «сельпоның» кәресіні!

Келмейтіні жоқ еді-ау қолдан бәрі,  
Пеш күйесі – көнілдің алданғаны.  
Дәптеріміз – жазатын жол арасына,  
Газеттер мен есепшот журналдары...

Қайдан тисін көк сия зауыттағы,  
Пеш күйемен жаздық қой сауыттағы.  
Одан бірақ сауатсыз қалғамыз жоқ,  
Кетті достар өз жолын тауып бәрі!

Көтерген абыройлы төрге өнері,  
Табылмайтын өңірде тең келері.  
Ағайынды қос шебер болды ауылда,  
Біреуі – ұста, ал бірі – зергер еді...

Сәмерке Смағұлдан таралатын,  
Естімедік олардың жаман атын.  
Темірден түйін түйген ұстасы – Үәп,  
Ал Қауен зергерлік зат соға алатын.

Балқыған болат мұндай күйге енер ме,  
Ұсталық жүқпаса егер сүймегенге?!

Одан асқан жан жоқтай көрінетін,  
Темірді Үәп қамырша илегенде.

Қалауының бұратын бәсі оған көп,  
Келген жүрттан есігі босаған жоқ.  
Көздің жауын алатын зер бүйымын  
Дәл Қауендей бір шебер жасаған жоқ.

Шеберлігі сендірген шүбә қылмай,  
Көңілім оларға осы тынатын жай:  
Екеуі де жан еді-ау, шынында да,  
Мақтасаң мақтандышқа тұратындей!

Өшті бәрі жылдармен зыр ағылған,  
Дым қалдырмай ауылда мұра қылған.  
Кетпей жүр ғой бірақта әлі күнге,  
Шыңылдаған балға үні құлағымнан...

Күйіп кеткен онсыз да қоңыр өні,  
Үәптікі шын ұсталық өмір еді!

Төске салып қып-қызыл от темірді,  
Соғып әлі жатқандаі көрінеді...

Сіңбесе де өнері бойға дарып,  
Отырганы сондықтан ойға оралып.  
Оның соққан тұрмыстық құралдарын  
Табылады жүргендер пайдаланып!

Қауен соққан білезік, ілгіштерін,  
Көргенімді айтсаңшы тұнғыш менің  
Көздерінен жайнаған жақұт тасы,  
Әріліп тұрушы еді бір күшті өрім...

Сөз етерлік киелі пайымда бұл,  
Айтылмайды зергерлік жайында құр!  
Соғылмайтын бүгінде сол бүйымдар,  
Әжелердің көбінің бойында жүр!

Ауылдағы қос шебер оқиғасын,  
Бұрып жазсам, ол осы ақынға сын!  
Сандығымда сақтаймын тұмарымдай,  
Қауен соққан анамның сақинасын...

Тарқамаған шағында ел базары,  
Жақсы жандар көп болды ең ғажабы!  
Қожанасыр сияқты ақ жүректі  
Еске аламын етікші Балғожаны!

Кезімізден көзге ыстық ес білетін,  
Етікші ата жан емес еш күлетін.  
Өкше тұсы қайыңның қабығымен  
Қайыпталған мықтылау мәс тігетін.

Ұшқалақтау болғанмен, шын ақылды,  
Байғұс еді баспаған бұра қылды.  
Сықырлаған былғары сәнді етіктер  
Балғожаның қолынан шығатын-ды...

Ине-бізбен асырап от-ұясын,  
Өзі тапты өлгенше бақи асын.  
Қайда жүрсін, жанынан қалдырмайтын  
Кіп-кішкене кемпірі Кәтиясын!

Жатса да атасы оның Әнетбайға,  
Кім білсін ұнатпай ма, жолатпай ма?  
Жәменеке бізге бауыр басқан еді,  
Бұл сырын болмайды ғой және айтпа да!

Бұрын оны білмесен, жынды дерсін,  
Құдайым оған аңы ұнді берсін!  
Ашууланса, көшеге шығып кетіп,  
Сырттан сыбап салатын кімді болсын.

Мақтаншақтау мінезі көп білініп,  
Осы шалға барлығы кетті құліп.  
Жұртты өзіне қаратпай қоймаушы еді,  
Тамақ кенеп, жөтеліп, жөткірініп...  
  
Ел көшеді, орнына шөп те өседі,  
Тарихынан кім безер деп кешегі.  
Әлі күнге есімнен кетпей журген  
Етікші атам аулымның еркесі еді!

Любовь-боя вана шу-жэ нем сына  
Любовь-боя йот іде из таслуq түн  
Ханым нц. сід зиңж патымдиги  
Бағыт айткындағы даңыз

Любовь-боя вана шу-жэ нем сына  
Любовь-боя йот іде из таслуq түн  
Ханым нц. сід зиңж патымдиги  
Бағыт айткындағы даңыз

Любовь-боя вана шу-жэ нем сына  
Любовь-боя йот іде из таслуq түн  
Ханым нц. сід зиңж патымдиги  
Бағыт айткындағы даңыз

Любовь-боя вана шу-жэ нем сына  
Любовь-боя йот іде из таслуq түн  
Ханым нц. сід зиңж патымдиги  
Бағыт айткындағы даңыз

## КӨК БИЕ

Айтпаған-ау ақсақалдар текке, ие –  
Тұлікте де болады ғой, – деп, – кие!  
Бүгіндері жиі есіме түседі,  
Біздің үйдің құты болған көк бие!

Болатын ол нағыз аян жүрдегі,  
Мен білмеймін: мінді ме атам, мінбеді?  
Ал, әкемнің еміс-еміс есімде  
Көлге апарып суарып кеп жүргені...

Жетідемін, жаңа-жаңа ес білем,  
Жетім етіп, жан әкемде өшті дем.  
Шаңырағымыз шайқалғанда шіркін-ай,  
Биеміздің асқан кезі бестіден!

Ата-әжені сарыуайым шөктіріп,  
Кезек-кезек тажал ажал кетті іліп...  
Таңдайыма ылғи тәтті тиген жоқ,  
Жетімдікten қалған жанмын көпті ұғып!

Бір сиыр мен екі-үш қана қой-ешкі,  
Ұстaugа рұқсат кез еді ғой көмескі.  
Болғандықтан және біздің биеміз,  
Көргеміз жоқ жоқшылықтай еlestі.

Арбасы ауыр тартатындей тек түйе,  
Оған отын, мейлі үйіп шөп тие.  
Сүйреп бәрін жеткізетін қиналмай,  
Бізге және көлік болған көк бие!

Түптең айтып, түгесерсің қай жайды,  
Сол бір жылдар жан сыздатпай қоймайды.

Сиыр орнына жылқы ұстагандар көп болып,  
Екі үйдің ғой бірі бие байлады.

Қабыргасы бүтін жандар түгілі,  
Күрпілдетіп біз де пістік күбіні.  
Ыстың дәмін шығаратын қымыздан  
Шоғырмақты қайың ағаш түбірі...

Тал шарбақтың желі қағып сыртына,  
Көк биені жіберуші ек ырқына.  
Шұрқыраған құлынынан ұзамай,  
Сауын сайдын келетін ол жұртына!

Мұның бәрі өшпейтүғын өмірде,  
Мәңгі қалған көркем сурет көнілде.  
Құлын кезім көз алдымға келеді  
Саумал дәмін сағынғанда менің де!

Анам алғаш құндаққа орап тастаған,  
Ағаш үйден өзге бүгін баспанам.  
Менің үшін жоғалмайды бірақта  
Туған ауылым – жүректегі астанам!

Ақ сүт беріп, әлдилеген жыр-әнмен,  
Анам үшін орыным жоқ шығар кем.  
Ауылымды кең кеудеме сыйғызып,  
Жүректегі астанада тұрам мен!

Ертеңіме серік болып тек сенім,  
Ұрпағынан мен осыны көкседім.  
Жалғыз осы мендегі емес, ауылым,  
Қоңыс тепкен жүректерің көп сенің!

Ірі отар көркөй үздікандыққа сипті  
Сторон ружсат жетелі том узбеккі  
Салындыстан әзде білдің сиңді,  
Оргеміз жоқ әзіздіктың да елеңді

Рібасы құндың таралып калғандағы туған  
Негізгін, жейдіңдің шеңбер  
Убред бәрін жақшыты көз алмай  
Іштеген көзін жақшыты көз бісі

Уштеп алған күндердің көзін алмай  
Да бір жақшытың шеңберін көзде

## ЖАЗФЫ ҮМЫРТ

Жаздың ұзақ Күні еңкейді, тағы ымырт,  
Алаулаған қызыл шапақ жамылып.  
Көл айдында оқшашау жүзген қос ақку  
Табысқандай бірін-бірі сағынып...

Жұтып оны қоятындағы қылғып бір,  
Көлге төнген қалың орман мұлгіп түр.  
Көз жетпейтін көк сағымнан арылып,  
Көкжиеекке қол созады жылжып қыр!

Тойған әбден, жерден тістеп көк ілмей,  
Қайтты өрістен табынды мал сөгілмей.  
Шұбатылған шаң қалдырды тай жарыс,  
Дала жолда домбыраның ішегіндей...

Самал желі ақселеуін тербеген,  
Ауылымдай жерүйығын көрмегем!  
Таңы – шапақ, күні – шуақ, сонда да  
Жазғы ымырттағажап екен ел деген!!!

## ҚҰСТАРДЫҢ ҚИМАСТЫҒЫ

Қыркүйектің күні тұр шуақтанып,  
Кәдімгі тамыз айы сияқтанып.  
Жылда құстар қайтатын кезім осы,  
Киқулап қимас сезім күй ақтарып...

Күз бен қыстың ұштасар шетін көрмей,  
Қош айтысып кетпеуге бекінгендей.  
Жыл құстары жүр әлі көлде жүзіп,  
Жылы жаққа, түстікке бетін бермей!

Құстар қимас тұнық сыр бойлайтыным,  
Тосар алда маған да жол қай қырын?  
Ұзақ жазды алданыш етті-ау құстар,  
Біле тұра қыс түспей қоймайтыны!

... Санадағы сол сурет енді шалғай,  
Ауыл алыс кеудеме кең құшардай.  
Туған жер мен анамның от құшағын  
Кимағаннан журуші ем мен де ұша алмай...



Үшінші бөлім  
БІЗДЕН ДЕ ӨТКЕН  
БҰЛА КҮН

## БАСЫЛҒАСЫН КӨҢІЛДІҢ ҚҰШТАР ӘНІ...

Басылғасын көңілдің құштар әні,  
Айтарлықтай ғұмыр да қысқарады...  
Ұмытады бұл жүрек құмарлығын,  
Серік етіп жанына тұмар мұнын.  
Сағынбайды бұрынғы шынар күнін,  
Іздемейді жоғалтқан сыңар гүлін!  
Білегінде бұлқынған күш талады,  
Жер бастырмай жарылып күс табаны.  
Бұл өмірде білгесін сыңарлығын,  
Түбінде бір таусылып жыларлығын –  
Қолдан түсіп кетеді ұстаганы,  
Адам жаны кебінмен тысталады,  
Боқ тірлігі өмірдің тыс қалады,  
Санада алыс алау от ұшталады...  
Басылғасын өмірдің құштар әні,  
Жоғалады, ғұмыр ғой қысқарады.

\* \* \*

Адамға осы тағылмайды текке мін,  
Қияс кеткен кездерім де көп менің.  
Жұрт жүретін шиыр жолдан бұрылып,  
Жапан түзге, құз-қияға беттедім...

Кейде тұман, кейде сағым ішінде,  
Қол созамын кейде тіпті түсімде.  
Жанымды жеп, жалын атып жүргенім,  
Жыр музасы бәрі сенің үшін де!

Бұл күндері бәрінен де безініп,  
Кейде отырам іштей тынып, езіліп...  
Жыр жазуды қойып кеткім келеді,  
Бекерлігі тұратындаі сезіліп!

Арман жолдан қалай сонда тайғаным,  
Жазбаған жыр – жазылмаған ой қалың!  
Өмір мені дөңгелете бермес қой,  
Сүт машинадай айырмаған қаймағын...

## ҚАЛАЙ ТӘУБЕ ҚЫЛМАСҚА

Тоба демей, тәүбе демей,  
Таңды қалай атырасың.  
Құр бекерге кеуделемей,  
Дәтке қуат шақырасың.

Тоба, тәүбе – Тәңірінен  
Жаңылмаса жан адам.  
Бір Алланың әмірімен  
Сөүле табар санадан.

Бастамаган, бітірмеген  
Барлық іске тоба қып,  
Тәубең осы шүкірменен  
Астасады – ол анық.

Шүкір сөзі тобасы бар  
Тоқ көнілден шығады.  
Жақсылыққа жан асығар,  
Жанады өмір шырағы.

Дүниеде көп мейір,  
Жетеді ғой бір басқа.  
Тірлігіне тоқмейіл  
Қалай тәүбе қылmasқa!

\* \* \*

Алда қандай белгісіз жол табарым,  
Әзірге көппен бірмін, ортадамын.  
Сездіреді өмірдің өзі кейде  
Сары майдан айырар торта барын.

Қайнап жатқан өмірден көп үққаным,  
Біреулер қалайды осы тек ұтқанын.  
Көрсетеді бұл тірлік қашандағы  
Сорпа бетке шығатын көбік барын!

Ондейлардың ұнатып, жақтырғанын  
Қаламаймын, жалғасып жоқ тұрғаным.  
Көргім тіпті келмейді, шынымды айтсам,  
Сортан жерге жаңбырдан қақ тұрғанын...



## КҮНДЕР ӨТІП БАРАДЫ

Күндер өтіп барады, күндер өтіп,  
Жолыңды бірде бұрыс, бірде оң етіп...  
Көкжиектен көгілдір сағым көшіп,  
Жылдар жылжып, оралмас ағым кешіп.  
Тіршіліктің тынысын нұр дем етіп,  
Ақындардан аңсаулы жыр дәметіп...  
Арулардан алқызыл гүл дәметіп...  
Күндер өтіп барады, күндер өтіп,  
Тоқтамайтын тынымсыз сағаттардай,  
Аңсан ұшар алысты қанат бардай.  
Тағы алдынан үміттің таңы атқандай,  
Тәнірдің өзі ақын қып жаратқандай!  
Күндер өтіп барады, күндер өтіп,  
Атар таңға асығып, бірге жетіп,  
Ойға алғанды бәрінен ілгері етіп,  
Көтеретін көнілді дүрмелетіп,  
Осы күні үш бірдей тілге жетік!  
... Түсіп бірақ қалмасын деймін  
оның, Аяғына асығып ілген етік...  
Күндер өтіп барады, күндер өтіп...

## ЖАЗФЫ БАҚТА

Бір сәулені сөнбеген санадағы,  
Оятты да жіберді қала бағы...  
Бұрынғыдай қызығы, шаттығы бар,  
Бізден қалған кешегі шақты ұғып ал,  
Балмұздағын іздейтін тәтті құмар,  
Ұмытпапты-ау, – десін жүрт, – бақты бұлар!  
Бәрін, бәрін баяғы кездегідей,  
Сағынарын бұл жүрек сезгені ме, ей?  
Өзім толқып кетіппін, өзгені қой...  
Қалт-құлғ жанып бір сәуле санадағы,  
Тартты өзіне жазғы кеш қала бағы...  
Би алаңда вальс саз төгіледі,  
Алыстаған жастықтың көңіл емі –  
Сағыныштың сағымы сөгіледі,  
самаладай жырқырап төнірегі,  
қайнап жатқан бұл неткен өмір еді?  
Құлпырып-ақ кетіпті өнір өні,  
Шайтан доңғалақ жаңарған не біледі,  
Зәулім өскен қалага көз салуға  
Бойы жетпей түрғандай көрінеді!  
Жалт-жұлт еткен саябақ жарқырап тұр,  
Қала жүртын өзіңе тартып ап бұл...  
Қалай мұнда думан кеш шалқымақ құр,  
Субұрқақтар сыр шертіп, сарқырап тұр.  
Сан сәулемен құбылған шамдары көп,  
Ойын алаңдары көбейген, сандары үдең...

Сая болар желекті талдары көп,  
Бақта бақыт тапқанның арманы жоқ!  
Кешігіп келгенімді қайтейін мен –  
Махаббаттың базарын сарқып ап бұл,  
Жаным жалғыз май шамдай қалтырап тұр...

Сонда да ыстық көрінеп көзге елесің,  
Жазғы бағым, көңілге жел бересің.  
Санамда әлі сәулесі сөнбекесің,  
Өзімді анық көріге теңдемесім!  
Бар қызығын жанымның тен бөлесің,  
Жазғы бағым құлпырып төрде кешің.  
Дауыл айдап әкетер жел кемесін,  
Білсін жүрек бейшара пендे емесін.  
Алсын мейлі бұрынғы мендегі өшін,  
Болмайды фойсағынып, селдемесім,  
Төксін жырын толғанып, тербекесін,  
Жүргіме ерік бер, жансын бүгін  
Жастық шақтың оралтып жан сыңғырын!  
Би аланы әдемі-ақ жөндегесін,  
Бұрынғыдай вальс би дөңгелесін...

## СЕЛДІРЕДІК ОРМАНДАЙ

Бір кездері жас едік, өндір едік,  
Жетпіске де жетерміз енді желіп,  
Жайдаң оғы жайпаған ормандастын,  
Біз бүтін тіпті мұлде селдіредік.

Селдіредік, жоқ арыс соқталдарым,  
Интернаттың қара наң татқан дәмін.  
Қол жеткізбей барады мұлде алыстап  
Оларменен атырған ақ таңдарым.

Өшіп жатқан санадан сағымдай күн,  
Сыныптастың кейбірін танымаймын.  
Орны бөлек еді ғой маған мына,  
Қалиолла, Асқар мен Кәрібайдын.

Жанып түрған жарқырап жанарында от,  
Ал қыздардың көбінен хабарым жоқ.  
Бір анығы – бәрі де бұл өмірге  
Араласып кетіпті-ау ала дүрмек.

Ерткен әже болып немересін  
Өмірдің бал қызығы деген осы.  
Бірге оқыған қыздарды көрген кезде  
Нұр шуаққа, шіркін-ай, бөленесің.

Бәрі олардың әдемі, мөлдір еді,  
Ойлағанда жүрегім елжіреді.  
Оңашада құлпырып шыға келген  
Сұлулығы есімде көп жүреді.

Желкілдеткен сезімнің гүл арманын  
Көзден ұшып барады мұнар бағым.  
Қалай ғана ұмытам құлімдеген  
Қарақаттай көздерін Құләнданың!

**МЕНИҢ БІЛІМ ОШАҒЫМ  
(Шал ақын ауданындағы  
Ленин мектебіне)**

Қадірлейтін өткенін  
Қазағымның ұлымын.  
Мен де Ленин мектебін  
Бітіргеннің бірімін.

Көкіректе тоқыдық,  
Ұмытайық неге біз,  
Интернатта оқыдық,  
Қара нанын жегеміз.

Тұсіме де енеді  
Мектеп үйі қарағай.  
Іші қандай кең еді,  
Сыныптары даладай.

Аудандағы іргелі  
Көзге түсер орда еді.  
Жалғыз қазақ тілдегі  
Орта білім сонда еді.

Ұстаздары-ай шетінен,  
Дерсін бәрі ғұлама.  
Олар қойған «екіден»,  
«уш» шығады сынама.

Дәрістері дәріпті  
Естен мәңгі кетер ме?  
Әліп еткен әріпті  
Еңбектері бекер ме?

Батса да жанға жарасы,  
Көрмеген еш отырып.  
Құсайынның баласы  
Жангалидан оқыдық.

Тәлім алдық алдынан,  
Биязы адам, ұятты.  
Қалайша ұмыт қалдырам  
Директор аға Шияпты.

Жүрмін қазір таба алмай,  
Ғазез, Шалбай қандай-ды.  
Енді маған олардай  
Ешкім ұстаз болмайды.

Есте қалу үшін де,  
Кездескендей тұра олар –  
Апайлардың ішінде  
Нұрсұлу бар, Зура бар.

Ол кезде олар жас адам,  
Білімдіге жол ашық.  
Ал Қагида, Есаған  
Жүруші еді-ау жарасып.

Ұстаздарым ойымда,  
Біз дегенде жаны құт.  
Жаздым мектеп жайында,  
Естелік жыр сағынып!

## ӘЛІ КӨҢІЛ ҚИЯДА

Жастық өтті дегенмен,  
Адам жаны тозар ма?  
Өзім сүйген өлеңнен  
Әлі іздеймін жаңа арна.

Күмбірлекен күй көңіл  
Қояр емес төгілмей.  
Жыр музасын сүйген ұл  
Жазбайды өлең егілмей...

Сезім қылды дәл басып,  
Іңкәр жүрек шөлдейді.  
Үміт-кудік арбасып,  
Жанға тыным бермейді.

Тебіренем, толғанам,  
Әлі көңіл қияда.  
Айттылмаса арман ән,  
Кекірекке сыя ма?

Сыр аулаймын самалдан,  
Сағынышты селдетем.  
Таңғы нұрдан жарапған  
Сәби жырды тербетем.

Кеудеме алтын Күн қонып,  
Қайта маздап жанамын.  
Өмір-парақ күнделік,  
Жаңарғандай жазарым.

Жастық өтті дегенмен,  
Адам жаны тозбайды.  
Іңкәр жүрек өлеңмен,  
Тек өлеңмен маздайды.

\* \* \*

Бойлататын тұңғиық тереңіне,  
Шығаратын биікке және өріне,  
Қанат байлай алмасақ қиял-құсқа,  
Өлең жазу ал осы керегі не?

Мағжан ғабба келтіріп кемеліне,  
Жалын берген тәнірлі өлеңіне,  
Алаулатып жүректе от жаға алмасақ,  
Ақын болу ал осы керегі не?

\* \* \*

Жұдettі ойлар, қажытты,  
Жанымса маза бермейді.  
Ал оған өзім жазықты,  
Дегім де тіпті келмейді.

Жазығым – жырға берілдім,  
Серігім болды сері өлең,  
Кіршіксіз таза көңілдің,  
Шуағына бөлеген!

Адалдықты серік қып,  
Ақ жолдан қия басқам жоқ –  
Тәңірдің өзі беріп құт,  
Жанарым нұрдан шашқанда от!

Илген жоқпын, бағынып,  
Еңкейген емес өр денем.  
Кейбіреулердегі жағынып,  
Мансап та құған пенде емен.

Қызықкан жоқпын, аманмын,  
Қолдың кірі – байлыққа.  
Бірімін таза адамның  
Жердегі ендік, бойлықта..

Көптен озып кеткем жоқ,  
Көш соңында да қалмадым.  
Жыл сайын гүлдеп, көктем боп,  
Тірлік отын жалғадым.

Толқындаій ұрған жағаға  
Берсе де ойлар мазалай  
Сәулесін төгіп санаға,  
Жыр тудырғаны ғажап-ай!

## АЛҒАШҚЫ СЕЗІМ ОТЫ

Есмағұлдың үйіндегі женгейдің  
Сіңлісі еді дегенге осы сенбеймін.  
Көрші жатқан қойлы ауылдан, шынымен,  
Қалай ғана жаралды екен сендей Күн?

Сезім отты сезіп алғаш бір балан,  
Жүргімді баурап алған сыр ғалам.  
Жетіншіні бізге келіп оқыған,  
Әдемі қызы өзің едің Гүлбадан!

Көңілімнің көп қой іште шертері,  
Өткен күннің бүгін бәрі өртегі.  
Күлген кезде шұқырая қалатын  
Секпіл беттің сен едің-ау көркемі!

Алаулаған арман оты жанбаса,  
Кім кінәлі басқа бақыт қонбаса?  
Мүмкін біздер ұғысып-ақ кетер ме ек,  
Екі-үш жастай ұлкендігің болмаса?!

Күн еңкейіп, келгенде жас кемелді,  
Көкіректе сөнді бәрі, көнерді...  
Жолыңды тосып, Балуан көлге бармаймын,  
Иінағашпен су алмайсың сен енді...

Күйт адамғарқы үштін күтінеш  
Сейм оғын сағасын үстірең!  
Махабаты – ушінші Ашырғул емес,  
Көл жетпейтін сенбетам даң гүсінеш!

## МАХАББАТЫМ – БАҒЫМ БҮЛ

Күн еңкейіп, алыстады сағым қыр,  
Бұрынғыдай төгілмейді жалын жыр.  
Десем дағы маздағы бар әлі де,  
Жүректегі махаббатым – бағым бұл.

Қоламталы шоғы қалған сөнбекен,  
Махаббатты бақ құсыма тең көрем.  
Менде қандай арман болсын, шіркін-ай,  
Мөлдір сезім шырынына шөлдеген.

Махаббатпен туды бірге менде өлең,  
Сол өлеңмен өлгенімше тербелем.  
Жыр жазбайды жүрегінен ешқашан  
Өмірде бір құлай сүйіп көрмеген!

Жүрегімнің ашып сырлы сандығын,  
Мөлдіретіп төксем деймін жан нұрын.  
Мына жарық дүниеде, япымай,  
Сүйіп өту керек шығар барлығын!

## МАХАБАТТЫ МЕН БАСҚАША ТҮСІНЕМ

Жүрек өртеп, сүйген қыздар ішінен  
Қолға қонған нағыз бақыт құсы кем!  
Нұр сезімнің мөлдіреген тұнығы –  
Махаббатты мен басқаша түсінем!

Шын махаббат қол жеткізбей қинайды,  
Өмір бойы жан ауыртар у-қайғы.  
Арнасынан тасып аққан өзендей  
Бұлқынады, тар кеудеге сыймайды.

Бастауы мен аяқталар шегі жок,  
Баса алмайды жанартаудай демін от!  
Аймаласып, ләzzат алу емес ол,  
Оның мәні тереңірек, кеңірек...

Ол дегенің – өзгеру ғой, түрлену,  
Көз алдында көктем бақтай гүлдену...  
Қатал тағдыр қоспай қойса егерде,  
Қозы менен Баяндайын бірге өлу!

Айнымайтын адалдыққа серт беру,  
Ғашықтықтан есі кетіп дергтену.  
Сыңарынан айрылғанда аққудай,  
Шырқау көктен ағып түсіп мерт болу!

Махаббаттай сезім оттың құштары  
Адамның бұл еркінен ғой тысқары.  
Адастырып, кете баар қекке ұшып,  
Қолға қоңбас нағыз бақыт құстары!

Қуат алып сарқылмайтын күшінен,  
Сезім отты сабасына түсірем!  
Махаббатты – үзіп сыйлар гүл емес,  
Қол жетпейтін қымбатым деп түсінем!

Сағынамын,  
Сені ұмытқан емеспін,  
Алыс жылдар арасынан елестің  
Өзінді аңсап, жыр жазамын маздатып,  
Сүйемеген де шыгар мендей сені ешкім?

Раушан гүлім,  
Жүректегі жыр гүлім,  
Тағдыр бұлай боларын ғой білді кім?  
Енди ешқашан кездеспейтін жандардай  
Қоштасқамыз тура қырық жыл бұрын.

Діріл қағып сәл ерінің астыңғы,  
Неге сонда жанарыңа жас тұнды?  
Жүрекке ерік бермедім-ау бекерге,  
Ұяңдығым жібермеді жас күнгі...

Бетіңдегі кіп-кішкентай тары мен  
Сені сұлу көрсететін бәрінен...  
Қарағанды вокзалында сол күнгі  
Қылышыма өкінемін әлі мен!

Иығыма салып қойып басынды,  
Сипай бердім мақпал қара шашынды.  
Бірақ, бірақ бір батыл сөз айта алмай,  
Бастым неге іштегі өртті, жасынды?

Сен – Балқаштан, болсам да мен – терістен,  
Қосып тұрды-ау бізді тағдыр, періштем.  
Жоқтығымды ашық айтып, жасырмай,  
Қолым созсам, кетер ме едің еріп сен?

Жақсы-ау еді тәуекелге барғаным,  
Бәрін ретке келтіретін алда күн.  
Енді, міне, өкінішпен өртенем,  
Неге сонда мен өзімді алдадым?

Өмірдегі шешіп бәрін түйіннің  
Алғаныммен, ұғар жүрек күйін кім?  
Раушан гүлім, ұмытылмас жыр-гүлім,  
Амалым не, басқа жаңға бүйірдый...

Сағынамын,  
Сені ұмытқан емеспін,  
Алыс жылдар арасынан елестің  
Өзінді аңсап, жыр жазамын маздатып,  
Сүймеген де шығар мендей сені ешкім!

## ӨЗІМ СҮЙГЕН МЕҢДІ ҚЫЗ

Тіпті біздер кетсекдағы жат болып,  
Тым алыста жүргенменен бұл қунде,  
Жүрегімде қалған мәңті сақталып,  
Сені аңсап, сағынбауым мүмкін бе?

Өткен жылдар ұмыттырып барлығын,  
Мүмкін мені мұлде есіңнен өшірдің?  
Ал мендегі от сезімнің жаңбырын  
Төгіп салған толғанысты кешіргін...

Сағынышын, кешір, жүрек, көл мұнын,  
Іштей жылап, іштей жаңып, өртенем.  
Құр қиялдай көрінеді-ау ендігім,  
Тұңғиыққа батқандаймын ең терең...

Бірақтағы бұлдыраған сағымдай,  
Көз алдыма тұрасың-ау елестеп.  
Қалай сені жүре аламын сағынбай,  
Қашан маған Балқаш жақтың желі еспек?

Жүрегіңде дерт бар еді, аяулым,  
Арылдың ба, әлде жаңың жүдейді?  
Тұспесін деп саған осы қаяу, мұн,  
Сыртта жүріп күн кешемін үрейлі.

Адам жолы тоғыспайды-ау оңайға,  
Мүмкін мұлде кездеспеспіз енді біз.  
Сұрайтыным сенен осы, қалайда,  
Аман болшы, өзім сүйген менді қыз.

Сені ойладым, от сезімнен күйдім мен,  
Ұмытпайды деп қой, менен шошыма.  
Мәңгілікке бір адамды сүйдірген  
Махаббаттың құдіреті осы да!

## КІНӘЛАМА СЕН МЕҢІ

Жаным, мені кінәлама,  
Кешіргін,  
Өтіп кетті-ау жастық деген есіл күн.  
Жүргімде мәңгілікке сақтаулы  
Өзіңді емес,  
Өзімді ғой өшірдім!

Енді мейлі мені қанша сағындыр,  
Жүргімнен төгілмейді лағыл жыр.  
Адастырып,  
Жапан түзде қалдырып,  
Бірте-бірте көшіп кетті сағым қыр...

Өтіп кетті есіл күнім,  
дәуренім,  
Таба алмаспын оның енді зәуде емін!  
Алаулаған жалын емес, енді мен  
Қалт-құлт жанған пілте шамдай сәулемін...

Тым еңкейіп бара жатыр іңір күн,  
Іңір күнге мен де, жаным, іліндім...  
Жұпарына қана алмадым, қайтейін,  
Сендей інкәр гашық болған гүлімнің!

Өкінбеймін,  
еш өкініш жоқ менде,  
Қамсыз, мұңсыз жүр ғой осы көп пенде!  
Жүректегі сағыныштың көз жасын  
Қайта сүртіп керегі не кепкенде?

Ақырғы рет шынымды  
айтып, шешілдім,  
Соным үшін,  
жаным,  
мені кешіргін.  
Саған енді тұспесін  
деп көлеңкем,  
Мен өзімді  
мәңгілікке өшірдім!

\* \* \*

Жылдар өткен шашыңа ақ салды ма екен,  
Бетіңдегі тары мең қалды ма екен?  
Бұрынғыдай мен саған жыр арнаймын,  
Екеуімізді қоспаған тағдыр екен!

Бірімізге біріміз енді бөтен  
Болуға осы қалайша көндік екен?  
Саған деген сағыныш сарқылмайды,  
Пәк сезімін жүректің мөлдіретем.

Қанша терең жанымды жараласын,  
Өткен күнге ал қайтіп ораласың?  
Қолға қонбай кеттің-ау, құс періштем,  
Балқаштағы жатбауыр шағаласың.

Адастырған шығар-ау, иә, жас күн,  
Кешір мені, қайтейін, қия бастым.  
Тосып-тосып төзімің таусылғасын,  
Амалсыздан сен бөтен үя бастың!

Қалықтаған көгінде көк теңіздің,  
Арман құсым, енді үміт жоқ дегіздің,  
Сағым кешіп барамын, сағым кешіп,  
Сорабынан шыға алмай өткен іздің...

\* \* \*

Кешір мені, сенен хабар алмаймын,  
Бұрынғыдай маздалап, лаулаап жанбаймын.  
Алыстасың, үміт болған армансың,  
Өшпей жүрген жанарымда қандай мұн?

Жоғалтқанына өзінде ғой сенбейді,  
Іңкәр жүрек сезімге бір шөлдейді.  
Жастық шақтың отты елесін өшіріп,  
Көзім жасын кешіп өтші сен мейлі...

Бір жырлармын, сосын мәңгі тынармын,  
Құстай ұшып көкжиекке құлармын...  
Жалғыз рет қияс басып өмірде,  
Мен өзімді аямаған шығармын!

## ЖҮРЕ АЛМАЙМЫН САҒЫНБАЙ

Жүректегі жаншуақ, шапағат па,  
Өте алмаймын оралмай махаббатқа.  
Базарым тарқағанда, қайран ғұмыр,  
Шөлдегіп, енді мені қatalatpa!

Көнілдің көкжиегін сағым басқан,  
Әрт боп жанған өттік қой жалын жастан.  
Десе де, жүре алмаймын, сенер болсаң,  
Өзінді әлі күнге сағынбастан.

Таза шықтай таңдағы мөлдір едің,  
Арнап саған жыр төкті сел жүргім.  
Танымастай өзгеріп кеттің бе екен,  
Қазір қандай екен-ау ендігі өнің?!

Адастырып әкеткен жансақ қадам,  
Қазір жатпыз, арамыз алшақтаған.  
Кей кездері жасырып, тығып қойған,  
Хатынды оқып өзінді аңсап та алам...

Адастырып әкеткен жансақ қадам,  
Қазір жатпыз, арамыз алшақтаған.  
Кей кездері жасырып, тығып қойған,  
Хатынды оқып өзінді аңсап та алам...

## СЕНІ СҮЙМЕУ ҚОЛЫМНАН КЕЛМЕГЕСІН

Барың да олар таңдағанда барың да үшінде  
Көңілдің ойға оралтып көп елесін,  
Көз алдымда көк әлем дөңгелесін...  
Махаббатты мойындан тағы отырмын,  
Сені сүймеу қолымнан келмегесін!

Сөздердің шынындағы жағдай  
Баяғыдай қызгалдақ гүл теремін,  
Жүргімнен құйылып жыр тереңім.  
Қол ұстасқан қиялға көzsіз еріп,  
Көкжиекте көк сағым бүркенемін...

Жанымның қайта ашылған жапырағын  
Үлбіретіп, өзінді шақырамын.  
Сені сүймеу қолымнан келмегесін,  
Кеудеме сыймай осы жатыр әнім!

Сөздердің шынындағы жағдай  
Моңталықе көтөнештікін алсаңыз.  
Жүргімнен қайта ашылған жапырағын  
Балқаштың шынындағы жағдай  
Жүргімнен қайта ашылған жапырағын  
Алғандағы шынындағы жағдай  
Діңіндең көмек асқынаж  
Діңіндең өйткендең көмек асқынаж  
Сөздердің шынындағы жағдай  
Макабат сұрымай алғандақ да үшіндең тәлілі  
Шынартадайғандаң мінгілтің тәлілі  
Ол шаңдарға алғандақ да міншынан  
Сұлу көңілдің міншынан да міншынан  
Жанаңдан жылу корек,  
Қалғымыз топ келмейді жағнан кесіл.

Шырын сезім  
удай қинаң ішілмес,  
Жүргеніне ешкім мені тұсінбес!  
Жапырағым сарғайғанда күз жетіп,  
Сені, қалқам, сүйетінім ұшін кеш!

Айта алмаймын – жүрегімде от барын,  
Тұсініксіз, тіл кесілген шақтамын?!  
Қиялымға қанат берген қалқам-ау,  
Өзің болдың өмірдегі тәтті әнім!

Іштей жанам,  
Іштей күйіп, өртенем –  
Сүйген жанның жүрегінде дерт өлең...  
Арамызды алыстатқан жылдарды  
қиып өтер қысыным жоқ келтеден!

Күрсінемін,  
тек жүректі қинаймын,  
Басқа тұсіп көрген емес мұндай мұң!  
Сүйіп тұрып,  
жеткізе алмай сезімді,  
Мына жалған дүниеге сыймаймын!

Махаббаттың уы қалып ішілмес,  
Дәл осындағы күйге түстім тұсінбес.  
Жапырағым сарғайғанда күз жетіп,  
Сені, қалқам, сүйетінім ұшін кеш!!

## ТҮСІМІЗДЕ ЖАРАСЫП

Бәрі де елес, бәрі сағым, бәрі мұң,  
Сағыныштан жаным жүдеп, налыдым!  
Сөнбейтінім – сезім отым мәңгілік,  
Жүректегі менің нұрлы жарығым.

Сөнбейтінім – жүректегі жарығым,  
Саған деген маҳаббатым, жалыным.  
Балқаштағы ақ шағала – ақ құсым,  
Түсімде ғой көріп сені таныдым...

... Ақ толқынның қанат керіп көгіне,  
Талмай ұшып жүр екенсің тегі де!  
Ес жиғызар ерік бермей, аспанға  
Ертіп ала кеттің, құсым, мені де...

Мәңгілікке қалғанбыз ғой адасып,  
Жүргегіміз жол таппады жанаасып!  
Балқаштағы шағалалар сияқты  
Жүрміз енді түсімізде жарасып...

\* \* \*

Сезілгенде  
махабат сезімі елес,  
Шыдарсың ба,  
Ол шыдар төзім емес.  
Сұлу көрсек,  
жанардан жылу көрсек,  
Қалғымыз ғой келмейді көріне кеш!..

Жасырамыз жүректің сөзін неге,  
Төксе төксін,  
Тәнірім өзің деме!  
Махаббат жыр  
Тұрады толып кейде,  
Сыр ашпаған әлі бір сезімде де...

Міне, осындей  
Толғаныс тегін де емес,  
Алыстады аңсаулы көңілде елес!  
Махаббат та мәңгілік болмағаны,  
Қиялыңда қалады,  
Әмірде емес!

## МЕН ӨЗІНДІ САҒЫНДЫМ

Мен өзінді сағындым тағы,  
сезесің бе, сенесің бе?  
Жабырқап, жүдеп жанымның бағы,  
Жұрсің ғой әлі сен есімде...

Откен жылдар, көп белестер  
Ой салады саған қандай?  
Мен білетін тәтті елестер  
Бу боп ұшып жоғалғандай...

Өзгерді ғой барлығы да,  
Ұстапайды-ау ендігі ізің!  
Менің бөтен тағдырыма  
Көмегің жок, менді қызым!

Енді мұлде кезікпеспіз,  
Тағдырға осы бағынамыз.  
Бәрін, бәрін сезіп кеш біз,  
Неге бұлай сағынамыз?

## СУ АЛҒАН СОЛ БІР ҚЫЗ ҚАЙДА?

Жапырлап қонып көлге құс,  
Жатыр ғой айдын мөлдіреп.  
Бала қүндегідей шөлдегіш  
Сылтауым жоқ енді көп!

Көлдегі құстар әніне  
Босаған екен көңіл шын.  
Маза бермес әлі де  
Бір сырым бүгін төгілсін...

... Әлі ғой бәрі есімде,  
Жүрдің сен көлден су алып,  
Жып-жылы жаздың кешінде  
Мен болсам бие суарып...

Онда да осы көк айдын,  
Жапырлап қонған құстары!  
Арманы болған талайдың  
Сен едің жүрек құштары.

Су алып беріп тереңнен,  
Иінағашыңа ілемін...  
Айтамын қанша дегенмен,  
Батылы жоқтың бірі едім!

Жеткізе алмай жан сырын,  
Жүректе бәрін бұқтырдым.  
Сезімімді бал шырын,  
Көзіммен ғана ұқтырдым.

Сөз еттік нені білмеймін,  
Жарқабақта отырып...

Сондағы балаң гүлдей күн,  
Болғаны мүмкін өтірік.

Сонан соң...

осы келгенім,  
Араға алыс жылдар сап...  
Таппады жүрек шөлді емін,  
Қара көз сол бір қызды аңсан!

Шау тартып, шіркін, қалдым ғой,  
Оралмас жастық із қайда?!  
Қазір мен шөккен шалмын ғой,  
Су алған сол бір қызы қайда?

\* \* \*

Көрініп бір қалу үшін күнде оған,  
Жолын тосып тұрудан бір тынбағам.  
Білесің бе, досым, бізге алғашқы  
Ұнаған қызы – сегізіншідегі Гүлбадан.

Сөйтіп біздің жүрек алғаш жырлаған,  
Өлең арнап жазушы едік күнде оған.  
Бір партага екеуімізді сыйғызбай,  
Екі бөлген – тағы да әлгі Гүлбадан.

Теретінбіз екеуіміз де гүлді оған,  
Ағытуға әзір тұрдық сырды оған.  
Шаш қойғызып, ержеткізген бізді ерте,  
Ұнаған қызы – секпіл бетті Гүлбадан.

Өткен күндер, өтіп кеткен жылдар ән,  
Тоқтамайды-ау уақыт қалай зырлаған?

Бізден бұрын кеткен еді үй болып,  
Ұнатқан қыз – үш жас үлкен Гүлбадан!

\* \* \*

Қап-қара көзің қара тұн еді,  
Көп қарап көзім талатын еді...  
Қиялым ұшқыр қанатым еді,  
он жеті жастан өзіне ғашық  
Жыр жазған тұңғыш бала ақын едім...

Қап-қара көзің тұп-тұнық еді,  
Маған бір сырды ұқтырып еді:  
Он жеті жастан өзіме ғашық  
Сен дағы менің тұтқынным едің!

Қап-қара көзің қарақат еді,  
төгіліп түрған шаралат еді...  
Сезімнен күшті алапат енді,  
Жазылмай жүр жүректе қалған,  
Қап-қара көздің жарақат емі!



Төртінші бөлім

ТАБИГАТ  
ҚҰНДАҒЫНДА

## БӘРІ БЕКЕР БОЛЖАМНЫҢ

Алдағы өмір қаранғы,  
Қауіп-қатер толған бір...  
Қорқытады адамды,  
Нелер онда болжам жүр.

Биыл жазды, айталық,  
Келмейтіндей көргенмен.  
Есесін ол қайтарып,  
Енді есебін тенгерген.

Маусым айдың басында  
Жауратқаны қызық бұл,  
Есесін ап, расында,  
Қазір күн ғой шыжып тұр...

Сол сияқты шілденің  
Болжамы да мәз емес.  
Жаңбыр жауса күнбе-күн,  
Ол, әрине, жаз емес.

Қудалап күз жетеді  
Сосын осы тамызды.  
Сөйтіп жазың өтеді  
Көшкен тұман тәрізді.

Әр жағында қысың бар,  
Алмастырап күзді кеп.  
Әуе қабатындағы қысымдар  
Мазаламақ бізді көп.

Яғни, аяз қысады,  
Дүлей боран соғады.  
Біздің өнір, мысалы,  
Тундрадай тоңады...

Сенер болсақ бәріне,  
Қалмай мұлде шырайы.  
Тәнірінің кәріне  
Түсіп жүрміз ұдайы!

Жо-жоқ, бекер! Сезімім  
Алдамайды, маздағым,  
Көреді адам өзінің  
Маңдайына жазғанын!

Коғанай мағаш, табиғат  
Маңдаған жағдайынпен зі  
Менің бұл сөзірді,  
Он берсе аттың елгердегі ең  
Лейлек жаңаған  
Мының әуб әкжымдас  
Бер күншіңдердегі ріоуда жаң  
Каламай жаткен қауымда  
Коғанай мағаш, табиғат  
Келедемең, фатағадың  
Пәндердің нәжілдегі ғылыми  
Сөзбесі тікелей жаңа  
Жаңа маңа түсті. Күн науры.  
Шарың жатыў ташары.  
Аныңға ғаламек жағдайта  
Непилет ишүнди о  
Тәстікшін бінесін атапша  
Танымағандағы әңгажи бары

# КӨКТЕМНІҢ ҮШ СӘТІ

## I

Күн шапағы құйылды,  
Десе де төгіп көктен нұр.  
Неге, неге биылғы  
Кешігіп жатыр көктем бұл?

Қар көбесі сөгілмей,  
Сіресіп жатыр қырда әлі...  
Тоң болып қатқан темірдей,  
Жер жібімей тұрғаны!

Күн мен тұні теңелген  
Наурыз келді емес пе?  
Түседі десе, сенер ме ең,  
Қыс пен көктем егеске?!

Мұз мұхитта кіндігі,  
Қыс қой жатыр беріспей.  
Қасарысқан бұл жылы,  
Үстем түсіп теріскей...

Қанша қыса бергенмен,  
Наурыз да өтер, айығар.  
Көгенін табар кең жерден  
Алда сәуір айы бар!

## II

Көктем осы көгілдір,  
Күн шуағы төгілген.  
Қуаныштан көніл нұр,  
Бүршік жарып көрінген.



Жетіп жұмсақ сыр самал,

Ақ жүзіңен өбетін.

Қызғалдақты қырқалар

Жұпар лебін себетін.

Көктем осы көк жусан

Жаятұғын кілемін.

Бас айналып, көз жұмсан,

Аттай тулар жүргегін...

Бұлақтары ән салып,

Сылдырлатып саз құшар.

Аспандағы ақша бұлт

Желіні сыздап жазға ұшар...

Көктем осы көңілдің

Мөлдіреткен әйнегін.

Мезгілі бұл өмірдің,

Әй, керім-ай, әй, керім!!

### III

Бір күнге үқсас бір күн жоқ,

Жаңамен жатқан қауышып!

Көктемнің соңы біртіндеп

Келеді жазға ауысып...

Сөнбейтін мәңгі ошағым,

Жандана түсті Күн нұры.

Шашып жатыр шашарын,

Ашылып аспан тұндігі...

Тостырмай жылы маусымды,

Танытып көктем әлін бар,



Еріп бітті, таусылды,  
Орманда қалған қалың қар!

Көгілдір сағым көлбеді,  
Тасыған өзен, су мынау!  
Базары құстың көлдегі  
Биыл тіпті шулылау...

Самал жел есіп бөктерден,  
Көгеріп салды гүл-белең...  
Жалғасып жеткен көктеммен,  
Кәдімгі жаз ғой бұл деген!

Рұқсаның күнінде міншіл  
Нұрыл келдістес на?

Гүсейн мұрынан мемлекеттік  
Қысқан жаңайтында

Айдағиме күнінде  
Нұрсаған деңгеліде

Күн жәді жеткір барыста  
Көтөрілген бүрін аспа,

Халық, нағылған жаңайтында

Ішіншінде нальжыс міншіл  
Калғадың ібілес шілдесінде

Нұрсаған деңгеліде

Көтөрілген бүрін жаңаған  
Айдағиме күнінде

Халық, нағылған жаңайтында

Ішіншінде шілдесінде

Көтөрілген бүрін жаңаған  
Күн жәді жеткір барыста

Зардайшынан шарады

Денесінде нальжыс міншіл

## КӨКТЕМ КЕЛЕ ЖАТЫР ФОЙ...

Көктем келе жатыр фой, көктем келе...  
Талай көктем өткен бұл өткенде де...  
Жаңа көктем, сен маған не бересің,  
Жастық дәурен оралмай кеткен деме!

Бақыт берші, мүң берме, берме шерді,  
Берме және қайғы мен сен кеселді.  
Әкел маған қуаныш пен шаттығынды,  
Шуақ-сусын жұтқызыши, бер кесенди...

Өкпем болса, қар судай кетсін еріп,  
Нұрынды құй, кеудеме кетсін еніп.  
Берші маған бейбіт күн, тыныштықты,  
көз алдынан үрікпей өтсін елік...

Төгілдірші таңдағы бұлбұл әнін,  
Сыбырлатып тербетші жыр құрағын.  
Шабыт берші нөсерлеп құйылатын  
Ағытатын жүректің сыр бұлағын.

Шылай да жаңарыж,  
Көктем же тәбілдеман да.  
Көлеңкіл көз-дах  
Астана, сүрек обидай,

Тағы көктем,  
тағы жыр,  
тағы ғүлдер,  
көзге тұтты көгілдір сағымын бел...  
Бүршік жарып қайындар, жер көгеріп,  
иіп салды, сүт емшек тамырын Жер!

Күлкілерін көгалға шашып алып, мек  
Бұлақ тулап, өзендер тасып ағып,  
Көктем жетті, оралды жыл құстары,  
Жаңылмайтын «Құс жолы» осы бағыт!  
Күн қарайды мейірлі көзіменен, аспандағы ақша бұлт – өзі де өлең!  
Шілдехана сияқты-ау шырын тірлік – құлын желі,  
Кырдағы қозы көген!

## КӨКТЕМ КЕЛМЕЙ ҚОЙМАЙДЫ

Кешіккенмен бәрібір,  
Көктем келмей қоймайды.  
Көктем – өмір сәні бұл,  
Қызғалдақ қырлар жайнайды.

Ашық аспан мәлдіреп,  
Күн шуағын төккесін,  
Қырдан есіп жел-жібек,  
Қалай көктем жетпесін?

Тіріліп тірлік жердегі,  
Оралып азан-қазаны,  
Ертең-ақ айдын көлдегі  
Қызады құстар базары.

Тәнірмен түспей егеске,  
Жетеді бізге тосқан күн.  
Көктемнің өзі емес пе  
Құлпырып өскен көк шалғын?!

Шыдайықшы азырақ,  
Көктем келмей қоймайды.  
Көгендері қозы-лақ  
Асыр сап ертең ойнайды.

## АЙТШЫ, МАМЫР

Бұлбұл сайрап көнілдің сарайында,  
Көктем келді,  
Төкті Күн арайын да.  
Шабыттанып, шалқып-ақ кетіппін ғой,  
айтшы, мамыр, толқымай қалайын ба?

Құстар қайтып оралды базарлатып,  
Тыныс қосып тірлікке, ажарлатып...  
Бүршік жарған жапырақ – жасыл өмір,  
Жалғасатын жыр етіп жазар бақыт!

Айтшы, мамыр,  
Сырынды аш осындейда,  
Аспанымнан нұр-шуақ шашылмай ма?!  
Тар кеудемді ұрғылап тұрған мына  
Тұма бұлақ қайнары ашылмай ма?

Жүрек оты жанбас па, лауламас па,  
Қызғалдақ гүл қырларда қауламас па?  
Мамыр қымыз қыздырса қыз-жігітті,  
Сәбилер де қанар-ау саумал асқа...

Айтшы, мамыр – шаттығым таусылмайтын,  
Адамың жоқ құшақтап, қаусырмайтын.  
Лебі еседі бозбала күндерінің  
Көгалында шалдардың даусында айқын...

Қырқып шүлең қозылы саулықтарын,  
Өріске айдал ертемен барлық малын,  
Әжелерім басына тартып алған,  
Сандықтағы біркиер жаулықтарын.

Бәрін екшей алам ба тізіп бұлай,  
Мені өзіне тартпаса, қызық бұл ай?!

Айтшы, мамыр, жылына бір оралар  
«Құс жолынды» кеткен-ау сызып Құдай!

\* \* \*

Тағы көктем,  
тағы дала гүлдеп тұр,  
Гүлдеп тұр да,  
қырға мені жүр деп тұр...  
Көкжиеңке көк сағымды қуып сап,  
Жанға жайлыш самал желі үрлеп тұр!

Бүршік жарған ақ қайындар тіріліп,  
Күнге қарай қол созады бір үміт...  
Жетемін деп жеңсік көңіл жебеген  
Ақ бұлақтар шапты қырға жүгіріп...

Тәй-тәй басып,  
Жүрген әзір оттамай,  
Көгендері қозы-лақтар шат қалай?  
Көктем осы – көк төсінде тіршілік,  
Жалғасатын мәңгілікке тоқтамай!

Желідегі жас құлындар шүрқырап,  
Саумал иіс шығып тұр ғой бұрқырап.  
Көктемменен көгереді жылда осы  
Жүректегі желкілдеген жыр-құрақ!

## МАМЫР ТУДЫ

Туды ғой тағы мамыр ай,  
Көк шықты жерге жамырай.  
Тіршілікті оятқан,  
Құдіреті күшті тәнір-ай!

Құштар еткен әркімді-ак,  
Құсқа да қымбат жан тұрмақ.  
Оралды туған жеріне  
Қаз-тырналары саңқылдалап.

Әзендер асып арнадан,  
Сыңғырлап бұлақ салған ән.  
Жанданып кеткен даланың  
Тынысына таң қалам.

Күннің нұры төгілді,  
Көтеріп көктем көнілді.  
Көкжиекке астасып,  
Көгілдір сағым керілді.

Даланың мына еркіні,  
Қырқадан самал желпіді.  
Көгенделді қозы-лақ,  
Бұйра-бұйра елтірі.

Қайынның шоғыр түбірін,  
Түтіндету – бір ілім.  
Мұрын жарып барады  
Ысталған иісі күбінің...

Соңына салып сәуірдің,  
Мамырда туды тәуір күн.  
Жүре берді-ау, шіркін-ай,  
Тынысы кеніп ауылдың!

Көк аспаны түйіліп,  
Кенет сел боп қалған қыр!  
Төбемнен тік құйылып,  
Жауып жатыр ақ жаңбыр...

Бұлтқа бұлттар жалғасты,  
Құяр кезін тауып бұл?!  
Мамыр айдың алғашқы  
Ақ жаңбыры жауып тұр...

Себелейді, бүркеді,  
Жуылды әлем, жаңарды.  
Жаз алдында бұл, тегі,  
Жақсылыққа жоралғы!

Жаяу түсті тағы да,  
Жаяу берші, ақ жаңбыр!  
Менің мұза жанымда  
Ақ жаңбыр ғой жазған жыр...

Боладай боладай жаңбыр  
Шыныңғында, яғни қызынан  
Кеуделдердегі тағы да  
Шыныңғында, яғни қызынан

Калдерди беті жоғасіз,  
Хүннен ақу жүзегені  
Тыраудың тырауда жоғасіз  
Келер же ерген шұз дегені

## ЖАҢБЫРСЫЗ ЖАЗДЫҢ ЖЫРЫ

Биылғы жаздың жаңбырсызыз,  
Тұрғаны-ай, тіпті, нәр тамбай?!  
Менің де жаным ән-жырсызыз  
Жаңбырсызыз жазғы сортанңдай...

Нәсерден алар нұр шабыт,  
Төгілмей жасын ойнатып.  
Шөліркетер мұншалық,  
Отыр ғой осы ой батып.

Өнірдің гүлі сарғайды,  
Шабындық шөпке сүйық қыр...  
Жібітер, шіркін, таңдайды,  
Кетпей ме жаңбыр құйып бір?!

Бұлтарда қанат жоқ па осы,  
Топшысы талып ұшатын,  
Алқынып, өшіп өкпесі,  
Нәсерлеп қырды құшатын?!

Сұрайық қанша біз бүгін,  
Жаңбыр жоқ тұрған тіленіп!  
Бірақта алда күзгі күн  
Құяр ғой, құяр түнеріп...

## САЛҚЫН ЖАЗ

Көтеріп жылда көнілді  
Кететін жазым, қайдасың?  
Амал бар ма көгінді  
Бұлттандырып қойғасын?!

Көкжиекте бұлдырап,  
Көзден үшты таң сағым...  
Еңсені езген тұнжырап,  
Күндерден мынау шаршадым.

Сезімнің оты шарпымай,  
Неге тұр жаным булығып?  
Биылғы жаздың салқыны-ай,  
Жаумаған жасын тудырып!

Құстардың әні жетпеді,  
Қарлығаш-ұя көрмедім.  
Күннің нұры көктегі,  
Жарытып жылу бермедің.

Биылғы жаздың салқыны-ай,  
Бозқырау түсіп, боз кештім...  
Кеудемді жалын шарпымай,  
Шілдені енді сезбеспін!

Көлдердің беті көнілсіз,  
Жұптасып ақку жүзбеген!  
Тыраулы тырна легінсіз  
Келер ме ертең күз деген?!

## ШІЛДЕНІҢ СОНҒЫ ҮСТІКІЛІ

Сонғы аптабы шығар мүмкін шілденің,  
Көлеңкесіз көтере алмас Күн лебін?..  
Киіз үйде жатар ма еді, шіркін-ай,  
Керегесін ашып тастап іргенің?!.

Бақ-бақ басы ұлпілдегін ұшырып,  
Орман-тогай жеміс-жидек ұсынып.  
Бау-бақшасы майысады мәуелі,  
Шілде ыстығы бәрін түгел пісіріп...

Құс қанаты күйіп түсер отты леп  
Жер өртесін деген бізде жоқ тілек!  
Шілде қанша ыстық осы болса да,  
Енді айтуға болады жаз өтті деп.

Тамыздығы сияқтанып тамыздың,  
Күйдірдің-ау Күн табағы тәріздім...  
Жүрегімді жалын отқа балқытып,  
Тереңімнен жыр қайнарын ағыздың!

Шілденің күнінің күнінің  
Алғашқында діруданың  
Дамыттарда шаңдағаның  
Күндең күндең күндең күндең

Күндең күндең күндең күндең  
Індейдердің күндең күндең  
Жыныстардың күндең күндең  
Күндең күндең күндең күндең

## ТАМЫЗДЫҢ БАСЫ

Тамыздың басы тамылжып,  
Әлі де ыстық жаз бізде.  
Таңғы салқын – қоңыр жіп,  
Тартса да ептеп сәл күзге...

Түскен жоқ әзір шық таңғы,  
Тұман да қалың басқан жоқ.  
Кешкілік ептеп бұлттанды,  
Құн шыға бірақ аспан көк!  
  
Жарасым жазда тапқандай,  
Сезесің Құннің нұр демін.  
Жалғасып, сірә, жатқандай  
Аптабы өткен шілденің!

Тұрса да тамыз ысып бұл,  
Желегі жердің көкпеңбек.  
Бадана шие пісіп тұр,  
Жидек те еріп кеткен жоқ...

Үп еткен желден жоғалар,  
Бақбақ басы үлпілдеп.  
Ырысты жазға бағалар  
Тамызға жетер бір күн жоқ!

Қайындардың, тал-теректің желегін  
Жұлып қашқан желге қын не дерім!  
Күзгі жаңбыр қанша нөсер болса да,  
Толтырмайды бұл кез бұлақ кемерін.

Жаңбырлатты, жел де бүгін теріскей,  
Қорғасындаі бұлттар ауыр, беріштей.  
Көл бетінде жетім жүзген жалғыз жұп  
Бақшадағы ұмыт қалған жемістей...

Күзгі сурет көнілсіз де, мұндылау,  
Желісінде құлыны жоқ қыр мынау!  
Жабыңқы ойлар еңсе басып, зіл болып,  
Өліарада енді мына түрмүн-ау...

Бәрі де алыс, көктем де алыс, жаз да алыс,  
Қош айтысқан тырналар мен қаз да алыс.  
Әйтсе дағы табиғи бір занғылыш –  
Төрт маусымға бар гой ортақ қозғалыс!

## АЛҒАШҚЫ ҚАР

Ақ қар жауды,  
Биылғы алғашқы қар.  
Жаңа із салып, жаңадан жол бастырар.  
Ақ қар жауды ақ үлпек үмітпенен,  
Күз бен қыстың арасын жалғастырар.

Ақ қар жауды, әлемді аққа орады,  
Қандай ғажап осынау шақта бәрі!  
Аппақ қысқа аман-сая жеткені үшін  
Жұректерге жыр толып, бақ қонады.

Ақ қар жауды,  
Жайғандай ақ парагын.  
Ақ парагын тап-таза сақта, жаным.  
Аппақ қыста ақ сезім нұрды кешіп,  
Жұректегі жырымды ақтарамын.

Жаралғасын жыр ғұмыр тағдыр үшін,  
Қандыра алмай келемін жан құрышын.  
Аппақ қарға ақ өлең жазатұғын  
Бұл өзі мүмкін менің соңғы қысым.

Ұмыттырған жаздың нұр жаңбыр әнін,  
Тұнжыраған күзден де қалжырадым.  
Көкжиекке дейін бір із қалдырап  
Бұл өзі мүмкін менің соңғы қарым.

Адасам ба, жоқ әлде жол табамын,  
Қайда барып тірелер қар табаным.  
Батар күнге еніп мен кеткенімше,  
Үміт жүгін тағы да арқаладым.

Ақ қар жауып соңында қарашанын,  
Келтіріп тастады ғой дала сәнін.  
Соны қорып жүргендей көрінеді,  
Құлақтанып, қызыарып аласа Күн.

Көнілден көктем алыс енді көктер,  
Тағы мұңлы ой тербеп, жанды жеп көр.  
Толсын тұнық жырларға жүректегі  
Аппақ қысқа арналған соңғы дәптер.

Дала – дәптер, ақ қағаз  
 Бетінде жоқ бір өлең...  
 Көктем алыс, артта жаз,  
 Ақ қар жауды тілеген.

Қыстың әзір жоқ кәрі,  
 Терезелер қыраусыз...  
 Тыныштыққа бақтағы  
 Көңіл іңкәр қылаусыз.

Із қалады қаншалық  
 Көбік қарда төгілген.  
 Әркім қайта жол салып  
 Алатындаі өмірден...

Ақ қар тіле, қыс тіле,  
 Қойдырмайды толғанбай,  
 Ақ қағаздың үстіне  
 Жыр боп түсер жолдардай!..

## ҚЫС ҰЗАРЫП БАРАДЫ...

Наурыз туды, ал бірақ  
Көктем шырай бермей түр.  
Қыстан әбден қалжырап,  
Көңіл хошы келмей түр.

Қар да биыл қап-қалың,  
Тегіс жапқан даланы.  
Жел үрлеген оппаның  
Басылмай түр бораны.

Жатып қалды-ау қыс құда,  
Күтеді жұрт көктемді.  
Қасарысып, қыстыға,  
Қайтар райдан жоқ белгі.

Тұнде аязы қысады,  
Күндіз де бар ызгары.  
Шегінбей түр қыс әлі,  
Сөгілместен мұз-қары.

Тосын жағдай, ғажайып,  
Көктем лебі жоқ әлі.  
Отын мен шөп азайып,  
Көңілге үрей қонады.

Алыстатып көктемнен,  
Жаңылдырып сананы,  
Қалың қарға бөктерген  
Қыс ұзарып барады...


Наурыз туды демесен,  
Әлі аязы ақпандай.  
Откен жылғы кібісем  
Есесін ап жатқандай?!

Қыс аяғы биыл тіпті қысып түр,  
 Аяз қатты,  
 бетті қарып үсік түр.  
 Тәнір бетін аулақ қылсын, қауіпті,  
 Қалар болсаң борасынға түсіп бір...

Ақпан осы ақыратын тоңдырып,  
 Деген рас-аяу,  
 Тұрған жоқ қой оңдырып.  
 Жаяулатып жел бораған кезінде,  
 Тіпті мұлде болмайды еken жол жүріп.

Қарашада түсken ақ қар сіресіп,  
 Қатып қалған, қыс пен көктем тіресіп.  
 Қойныңа еніп, қалтыратқан денені,  
 Солтүстіктің сүйк желі түр есіп.

Мұртқа қонған сүнгі мұзы бармақтай,  
 Ақпан өтпей,  
 қатып солай қалмақ па ай?  
 Қыс аяғы, тіпті, қысып кетті ғой,  
 Көніл нұрын көктеміме жалғатпай...



## АҚЫРЗАМАННЫҢ АЛДЫ ОСЫ МА?

Тұзгенменен ой тәуір,  
Жүр ғой бәрін көз көріп.  
Аяарайы, әйттеір,  
Бара жатыр өзгеріп.

Мамыр айда қар жауып,  
Кейде ақпанда жылмық күн.  
Жер өрісі қалды ауып,  
Кетті ме әлде жылжып тым?

Болып болжам дерегі,  
Қарайтұғын күдікпен,  
Жылмық жылжып келеді  
Мұзды мұхитты жібіткен.

Тозып озон қабаты,  
Аспан күмбез тесілді.  
Құйген құстар қанаты  
Радиацияның кесірі.

Жүрміз бекер шуласып,  
бітірдік-ау не біздер?  
Дүниежүзін су басып,  
Тасып жатыр теңіздер.

Мұхиттан толқын жосытқан,  
Апат ауқымы кеңейді.  
Зілзалалар шошытқан,  
Цунамилер көбейді.

Не болады келер күн,  
Тағы несін тосады?  
Ақырзаман дегеннің  
Алды ма екен осы әлі?

Бесінші бөлім

**БАЛЛАДА, АРНАУЛАР**

**МЕН ТОЛҒАУЛАР**

## ОШАҚ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Белгі ме екен қалған бір қимас  
күннен, мұрадан,  
Үш аяқты ошақты көріп қирап құлаған,  
Қымбат жиһаз үйдегі көшіп кетсе, селт етпес  
Жетпістегі бір әжей боздап тұрып жылаған...

Оған бірақ ешкім де мән бермеді, әрине,  
Қайта күлген, күлкі ғой осы күні кәрі үйге!  
Әжей болса ішінен үшкірініп, дұға етті,  
Өзі жөнеп кетердей тура сол күн фәніге...

Үш ұлды еді сол әжей, қайсы сүтін ақтады,  
Айта алмаймыз оны біз, іште сырын сақтады.  
Келіндерге бұл өзі дұрыс болған сияқты,  
Үш аяқты ошақтың қайта қирап жатқаны!

Іштен тынды қария, жинап ошақ сынығын,  
«Аман болса екен», – деп, тіледі үш құлынын.  
Ал келіндер не қылсың газ тұрганда ошақты,  
Оғаш көрген еді олар енесінің қылсығын...

Кимағанмен қаншама киген жанды кемешік,  
Жылдар өтіп қойнына алды ғой бір төбешік.  
Аза тұтып жөнелткен құрметпенен анасын  
Балалары басына мазар соқты кеңесіп!

Қарап тұрсаң бәрі де дұрыс еді, дұрыс-ты,  
Қыын кезде қолтықтап бірін-бірі тұрысты.  
Ана барда бір үйге сыйған ұлдар, шіркін-ay,  
Жеке-жеке отау боп шығуға енді тырысты.

Олары да жөн шығар, жеткен іс қой толғағы,  
Әрқайсына үй беріп ауылкеңес қолдады.  
Көз құрты ғой дүние, бөлуге оны келгенде  
Әлгі жерде келіндер керілдесіп қалғаны.

Тыяр осы күш жоқ қой долылықты, көк бетті,  
Амалсыздан араға араласып сот кетті.  
Қара мына қырықты, бір емшекті тел емген  
Ағайынды адамдар көріспейтін боп кетті!

Ақыл сөзге – ашу жау, долы толқын көне ме,  
Бөлінді ғой дүние, бөле алмайтын немене?  
Тек елеусіз қалды үйде әжей ілген баяғы,  
Кенеп қапқа оралған сынған ошақ шегеде!

Кім апарды білмейміз, кейін көрдік мазарда,  
Сынық ошақ қаптағы түсе берді назарға.  
Әжей бекер езіліп жыламаған еken-ay,  
Мәңгілікке қоштасып, бұл фәниден озарда?!

Тарқатылды бір түйін, жалғауға оны бола ма,  
Айту қызын бүтінде, әлде сыр боп қала ма?  
Үш ұлының бірлігін ойлад жүріп көз жұмған,  
Үш аяқты ошақтың құрсауы еken сол АНА!

## АТА ЗАҢ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Уақыттың алыс кезеңі  
Барады-ау тіпті шегініп.  
Ата Заңымның өзегі  
Әріден жатыр өріліп.

Әділ сөз бенен ақ істі  
Ана сүтіне балаған  
Арындаі таза намысты  
Айналдым туған бабадан.

Тоқтатқан небір жауларын,  
Дуалы сөзбен өрелі.  
Өзара талас, дауларын  
Билері шешкен ел еді...

Кеңдік бар дарқан далада,  
Еркіндік желі есетін.  
Араздық туса арада,  
Шаригат жолмен шешетін.

Айырып ақ пен қарасын,  
Әділдеу болған көп бізден.  
Өмірдің ескі, жаңасын  
Ертенге сеніп жеткізген.

Жетпейді-ау біздің өреміз,  
Зерделі еken хан кісім!  
Ата Заңымыздай көреміз  
Тәуkenің Жеті Жарғысын.

Күрсінді кейін ел біліп,  
Болды ғой оның зары өткен.

Кеңестік заңмен көп жүріп,  
Айырылдық дәстүр, әдептен.

Аққа да қара жағылды,  
Ах ұрды талай асылдар.  
Алаштың небір дарынды  
Үлдарын жұтқан ғасыр бар...

Батқан шын зорлық тақымы  
Жылдар ғой қазір көмескі.  
Намысты ту қып ақыры,  
Желтоқсанның да лебі есті.

Одан да таптай әділдік,  
Төгілді қаны жастардың.  
Амалсыз қара жамылдық,  
Таныдық жау кім, достар кім?!

Сосын да қатты ойландық,  
Шыдамда шек бар, дәт қанша?  
Қында ғой жатып қайралдық,  
Азаттық таңы атқанша.

Еркіндік алып, бұлқынып,  
Үзгенде бұғау темірін,  
Болашаққа ұмтылып,  
Өзгеріп салды өмірім.

Шаттықты жүрек сезіне,  
Қуанып бұлай тулар ма,  
Елімнің тән бір өзіне  
Ата Заңымыз туғанда!

Тарихтан терең нәр алып,  
Төкті ғой халқым бар қүшін.  
Тапқандай болдық оралып  
Тәуkenің Жеті Жарғысын!

Болуын берік қалаймын,  
Анық қой алда талмасы.  
Сарқылмас таза ақ айдын –  
Ата Заңымның арнасы!!!

# УАҚТЫҢ ҰЛЫ САРЫ МЕН СҮЙІР БАТЫР

Толғау

Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын  
Сары мен Баянды айт Уақтағы.  
*Тәтіқара жырау*

Жүретін ел дегенде жаны қалмай,  
Баян қандай, Уақтағы Сары қандай?  
Тау тұлғалы Сүйірдей тірепі бар,  
Жаужүректер өзгеден табылар қай?

Ұрпақтары бүгінгі сағынардай,  
Қас батырлар беріпті Тәңір-Алла-ай!  
Қалай ерлік жасамас қазақ ұлы,  
Хан иесі барында Абылайдай?!

Ерліктің ізін салар сан ғасырга,  
Батырлық – үзілмейтін жалғасында.  
Қайтіп тумас Сары, Сүйір, Баяндар бұл,  
Бабасы Қамбар батыр болғасын да.

Ерсары атаныпты Сары батыр,  
Тарихы оның тіпті де әрі жатыр.  
Қамбар мен Уақтан бергі аталары,  
Ер Көкше мен Ер Қосай болып отыр.

Ер Көкше мен Қосайды кім білмейді,  
Соғыс салса сұрапыл сүргін дейді.  
Жауына есе бермей женеді екен,  
Қырық күн болса дағы қырғын мейлі.

Болатұғын тектіде, тек асылда,  
Мәрттігіне Ер Көкше нанасың ба?

Басын тігіп қатерге, қалмақтардан  
Қырғыздың құтқарыпты Манасын да.

Қосайдың әке жолын құғаны анық,  
Ол дағы елі үшін тұған алып.  
Талай бетін қайтарды жонғарлардың,  
Ат суарып Сарысу, Шуға барып...

Болғандықтан тегінің бәрі батыр,  
Жалғасатын күрестің жолы жатыр.  
Абылайдың біріккен қол астына  
Қазақ туын көтерді Сары батыр.

Мұндай таңдау әркімге жасалмаған,  
Болмағаны шығар-ау осал бабам?!

Ақтабанда... ел босып жатқан кезде  
Кекке толы көзіне жас алмаған.

Қалыспай Бөгенбай мен Қабанбайдан,  
Жонғарларға салды ғой талай майдан.  
Шығыстағы желкелеп Торғауытты,  
Еділ қалмағын айырды бар айдардан.

Тірліктің қызығына еш кенелмей,  
Уақытын той-думанды кешке бөлмей,  
Жорық жолдан қалмаған қайран бабам,  
Қартайғанша сауытын шешпеген ғой...

Сол сияқты Сүйір де сүргін еді,  
Сескенбекен жауынан дүр жүрегі.  
Уақ тарихын сөз етсек бүгіндері,  
Кос батырдың есімі бір жүреді.

Сөз етеміз ерлікті сүйінгеннен,  
Жыға алмапты жаулары Сүйірді ерден.  
Ақылы да күшіне сай болыпты,  
Жол тауып шығатұғын қыын жерден.

Ірілік бабасына болып арман,  
Осындаи ерлік толы жолы қалған.  
Уақтың апайтөс батырлары-ай,  
Тарихтан ойып тұрып орын алған.

Ежелгі мықты ұлыс қой Уақ деген,  
Тірлігінен таусылмас қуат көрем.  
Сары жайлы, Сүйір мен Баян жайлы  
Жазылады талай жыр, шуақты өлең!

Ай даңызыңға жаңы жаңы  
Тұмандар нітебіндеңдерінің көзінде  
Казіри ғашырағынан тұрғынан көзінде  
Аруатына бас иетті де, жырасын.

Ай даңызыңға жаңы жаңы  
Тұмандар нітебіндеңдерінің көзінде  
Казіри ғашырағынан тұрғынан көзінде  
Аруатына бас иетті де, жырасын.

Ай даңызыңға жаңы жаңы  
Тұмандар нітебіндеңдерінің көзінде  
Казіри ғашырағынан тұрғынан көзінде  
Аруатына бас иетті де, жырасын.

Ай даңызыңға жаңы жаңы  
Тұмандар нітебіндеңдерінің көзінде  
Казіри ғашырағынан тұрғынан көзінде  
Аруатына бас иетті де, жырасын.

## ТАРЛАНГА ТАҒЗЫМ

Ақын, әнші Игібай Әлібаевтың

рухына арнадым

Әнші едің ғой, ақын едің дарынды,  
Сен кеткелі тынысымыз тарылды.  
Өзің ғана салатын ең төгілтіп  
Кең дауысты асқақ әнді тәнірлі.

Есте бәрі сенің думан, жыр күнің,  
Ұмытпайды өзінді елім, бұлбұлым.  
Қызылжардың сахнасын оятып,  
Найзагайдай көк аспанын тілді үнің.

Көмейінен қараторғай ән салып,  
Тыңдады елің таңырқаңып, тамсанып.  
Соғыс кезде әндеріңмен ес жинап,  
Жырларыңмен жан жұбатты қанша жұрт?!

Аз болатын өнердегі теңдесің,  
Қыран болып қанат қақпау ерге сын.  
Жамалдармен бірге думан еттің сен  
Мәскеудегі жетістіктер көрмесін!

Жаны жайсан, жомарт мінез шалқарым,  
Көркі едің-ау думан тойдың, органың.  
Саған тастап кеткендей бұл болатын  
Бар өнерін тарландары Арқаның.

Біржан менен Ақандардай шырқадың,  
Шындықты айтып замандарда бір тарын!  
Ыбырайдың «Гәккуіне» салғанда,  
Қанат қомдап кетуші едің, сұңқарым.

Айта берсе ісің көп қой қоштар мың,  
Басын қосқан өнер сүйер жастардың.  
Жазда ауылда жұрт асыға құтетін  
Филармония ұжымын да басқардың.

Сенің ғажап түйсігіңе сүйінем,  
Ол болмаса домбыраңың қүйі кем.  
Сахнаға жұлдыз қылған өзің ғой  
Мархабаны мың бұралған биімен.

Саған құмар болатұғын той қауым,  
Керемет қой домбырада ойнауың.  
Оған шырқау шар дауысты қосқанда,  
Түсінікті жылжымай бір қоймауың.

Жылжып төрден есікке де жететін,  
Шабыт қысса арқаланып кететін,  
Аруақтым сен едің ғой, Игіеке,  
Талантыңа мәнгі тағзым ететін.

Айтыста да сен айтулы тұлғасың,  
Тұма бұлақ бастауында тұрғасын.  
Қазіргі айтыс ақындары алдымен  
Аруағыңа бас исін де, жырласын.

Бір басыңа құя салған бәрін бұл,  
Өзің әнші, өзің ақын ағын жыр.  
Менің дағы жүрегіме от бердің,  
Айтуардан шықкан асыл дарынды ұл!

ТОЙ ТОЛГАУЫ  
(*«Солтүстік Қазақстанның»*  
*95 жылдық тойына*)

Тулайды-ау толқын бойымда,  
Куаныш күні, халқым-ай.  
Газетімнің тойында  
Қаламын қалай шалқымай?  
«Бостандық туы» – жол басы,  
Бүтінге жеткен шақта аман,  
Алыптардың ордасы  
Болғанына мақтанам!

Туарын жарық алдан күн  
Ағалар ерте жазған ғой.  
Қазығын қаққан жандардың  
Дарасы – дана Мағжан ғой.

Ауылдан келген Сәбен де  
Қаламын мұнда ұштаған.  
Қара сөз бенен өлеңге  
Қосылды сөйтіп күшті адам.

Баймағанбет те жалындалап,  
Өз отына күйді айқын.  
Әбдірахман да дарынды-ақ  
Жан еді, шіркін, қимайтын ...

Асылдың талай саңлағы  
Жұлдыздай жанып, өткенмен,  
Газетім жолын жалғады  
Күндерді кешіп көшке ерген.



Жамаулы шалбар, көйлегі,  
Ашқұрсақ жүрген күндері  
Кедейдің сөзін сөйледі,  
Ұжымдасуға да үндеді!

Ал сосын соғыс басталды,  
Ел басына күн туды.  
Ерлікке баулып жастарды,  
Женіске бірге ұмтылды.

Сарбаздай болып сын шақта,  
Төзе де білген төзімдім.  
Өртепіп, күлден тұрсақ та,  
Өрге ұмтылған ең ізгім.

Жылдарда сонау бодандық  
Байрағы болдың «көсемнің».  
Саясат еді-ау – ол анық,  
Ақ-қарасын шешер кім?

Бәрінен бізге батқаны,  
Үзіліп есіл арманың,  
Тың көтерілген шақтағы  
Жабылып бір кез қалғаның!

Нәр алып сенен жүр едік,  
Қайнарыңнан қағылдық.  
Біраз жыл сонда жүдедік,  
Үніңді қатты сағындық.

Тәнірдің сол ғой бергені,  
Тың өлке қалды жабылып.  
Орныңды алып төрдегі,  
Табыстық тағы сағынып.

Заманның болар талабы,  
Партия сөзін сөйледің.  
Тазартып бірақ сананы,  
Қопарып жаздың ой кенін.

Шөлге де жаңбыр жауғандай,  
Мұқтажын елдің көздедің.  
Тен ұстадың бір аудармай  
Әділдік, шындық безбенін.

Кеңестік кездің өзінде  
Беделің тапшы емес-ті.  
Толысқан, толған кезінде  
Желтоқсанның желі есті ...

Еш қалмай өмір ағыннан,  
Еркіндікке әр кез үмтүлдың.  
Алғы шептен тек табылған  
Үні едің туған жұртыңын.

Әуелгі атың – бостандық,  
Құлатпай туын ұстандың.  
Болашаққа басқан нық,  
Қадамыңды қоштар күн!

Бодандық қамыт батып ен,  
Тәуелсіздіктің таңы атты.  
«Солтүстік Қазақстан» атымен  
Өзінде қайта жаратты.

Тарихы терең, ұстамды,  
Осындаи ұзақ жолың бар.  
Менің «Солтүстік Қазақстанымды»  
Танындар, жұртым, танындар!!!

## СОРЛАП ҚАЛДЫ-АУ АҒАЙЫН

(толғау)

Ағайынға ағайын

Жат болатын күн туды.

Ауыл, жұртың, маңайың

Жоқ болатын күн туды.

Көшкен бәрі үдеріп,

елден безген күн туды.

Тығырыққа тіреліп,

Белден езген күн туды.

Үйін сатпай, не бұзбай

Қалдыратын күн туды.

Боқтық кезген қоңыздай

Қанғыратын күн туды.

Өз қотырын әркімнің

Өзі қасыр күн туды.

Сорлап қалған халқымның

Жанына сүр күн туды.

Құдықтай қаңсып, сарқылдың,

Озығы өткен күн туды.

Әдет, ғұрып, салтыңың

тозығы жеткен күн туды.

Сәлем алмай достарың,

сырттанатын күн туды.

Кірлеп көніл аспаның,

Бұлт қонатын күн туды.

Сыйластыққа сыралғы  
Жыра салар күн туды.  
Қателікке бұларды  
Бұра салар күн туды.

Ұл дегенің безеріп,  
Тіл алмайтын күн туды.  
Қызы соңына сөз еріп,  
Жын арбайтын күн туды.

Ақымаққа қағу жоқ,  
Қырын түскен күн туды.  
Бір адамға жағу жоқ,  
Құның түскен күн туды.

Баға деген шарықтап,  
Өсе берер күн туды.  
Көбік сөздер шалықтап,  
Бөсе берер күн туды.

Мезі қылып өтірік,  
Жан жұбатқан күн туды.  
Өткен күнге өкініп,  
Зар жылатқан күн туды.

Бұрынғы берік бірліктен  
Ажар кеткен күн туды.  
Бізді айырап тірліктен  
ажал жеткен күн туды.

\* \* \*

Сорлап қалды-ау ағайын,  
Оған қалай нанайын?

# МАЗМҰНЫ

## Бірінші бөлім Жанарымдағы жарық дүние

Оттай жанып, жанымды лапылдатам...	4
Жүректің соңғы дүрсілі .....	5
Көкіректің көзәйнегін сұртемін.....	6
Тәнірдің тылсым күші.....	7
Көңіл күйі .....	9
Наурыз – тәнір айы.....	12
Бала кездің баянды ізі табылмай.....	13
Дағдарысқа алдырмайды деп сенем.....	14
Алға, Қазақстан!.....	16
Біздің шаңырақ дегені дүрыс маған .....	18
Жеткізбей жүр .....	20
Жемқорлық шырмауығы .....	22
Тірліктің сзығы.....	23
Жаратқаным, кешір мені! .....	24
Ширығу .....	25
Күн ұяға енгесін.....	26
Мазасыз жай.....	27
Дамылда, жаным, дамылда .....	28
Тәуекел.....	29
Мағжан баба – күн баба .....	30

Қыын тағдыр бүйірған.....	31
Сасықкөлдің жыр құсы.....	33
Жарасбай досыма.....	34
Қашан әлем табар екен тыныштық .....	36
Алып бітті зәрені.....	37
Жүріп жатыр қантөгіс .....	39
Майдангерлер – мықтылар.....	41
Кешір бізді, боздақтар! .....	43
Мәңгүртке .....	45
Жылқы жылы .....	46
Аналар-ай, асылдарым, ардағым!	47
Ана тілге ең биік тұғыр керек .....	49
Күншілдік туралы .....	50
Қызылжардың ғұлдері.....	51
Тілші болдым детенше.....	52
Аман тушы, ақботам .....	53
Үілдеттің үйімді.....	54
Тұнғыш немереме .....	55
Немереме арнаймын.....	58
Аталаған тілі бал .....	59
Жалғасым бар .....	60
Анашым, сенің арқаң .....	61
Мәңгілік жар .....	62
Айтамын ғой тұспайлап.....	63
Ұлымға ескерту.....	64
Бал немере сүйгіздің .....	65
Жыртылған жырлар .....	66
Жыр арнасы .....	68
Әкпе жоқ.....	69
Соңғы дәптер.....	70
Соңғы нұктес .....	71

## **Екінші бөлім**

### **Сен дегенде үзіледі жүргегім**

Қарлығашым, сұқсыр құсым, қайдасың?	74
Гәкку ән.....	75
Сағындырың, ауылым, сағындырың .....	77
Ауыл деген сағынышы кең арна .....	78
Ауылды аңсау.....	79
Елге сағыныш .....	80
Ауылым .....	82
Сені іздеймін, ауылым .....	83
Бүтінгі ауыл бұрынғыдан өзгеше .....	84
Қалай енді түзеледі көш жүріп? .....	86
Ауылдастар амалсыз көшпіл жатыр .....	87
Орнын сипап жатырмыз .....	89
Ауылды көріп жүргегім қатты ауырды.....	91
Жетім көл .....	92
Мектептің көк сиясы .....	93
Қос шебер.....	94
Етікші ата .....	96
Көк бие.....	98
Жүректегі астана .....	100
Жазғы ымырт .....	101
Құстардың қимастығы .....	102

## **Үшінші бөлім**

### **Бізден де өткен бұла күн**

Басылғасын көнілдің құштар әні.....	104
Қалай тәубе қылмасқа .....	106
Күндер өтіп барады.....	108
Жазғы бақта .....	109
Селдіредік ормандай.....	111
Менің білім ошағым .....	112

Әлі көңіл қияда.....	114
Алғашқы сезім оты .....	117
Махаббатым – бағым бұл .....	118
Махабатты мен басқаша түсінem.....	119
Сені ұмытқан емеспін .....	120
Өзім сүйген менді қыз .....	122
Кінәлама сен мені.....	123
Жүре алмаймын сағынбай.....	126
Сені сүймеу қолымнан келметесін .....	127
Сүйетінім үшін кеш .....	128
Түсімізде жарасып.....	129
Мен өзінді сағындым .....	131
Су алған сол бір қыз қайда?.....	132

### Төртінші бөлім

#### Табиғат құндағында

Бәрі бекер болжамның .....	136
Көктемнің үш сәті .....	138
Көктем келе жатыр фой..	141
Көктем келмей қоймайды .....	143
Айтшы мамыр .....	144
Мамыр туды .....	146
Ақ жаңбыр .....	147
Жаңбырсыз жаздың жыры .....	148
Салқын жаз .....	149
Шілденің соңғы ыстығы .....	150
Тамыздың басы .....	151
Күзгі көрініс.....	152
Алғашқы қар .....	153
Аппақ қарға ақ өлең жазылады.....	154
Қыс ұзарып барады.....	156
Қыс аяғы қысып тұр .....	157

Ақырзаманның алды осы ма? ..... 158

**Бесінші бөлім**

**Баллада, арнаулар мен толғаулар**

Ошақ туралы баллада .....	160
Ата заң туралы толғау .....	162
Уақтың ұлы Сары мен Сүйір батыр .....	165
Тарланға тағзым .....	168
Той толғауы .....	170
Сорлап қалды-ау ағайын .....	173

# ТІРШІЛІК ТЫНЫСЫ

Беттеген: Мейірбеков Е.Қ.

Суретші: Қабланбек Ә.Е.

Басуға 10.11.2017 қол қойылды.

Қалыбы 84x90  $\frac{1}{32}$ . Офсеттік басылым.

Қаріп түрі: Times New Roman

Шартты баспа табағы 11,75.

Таралымы 2000 дана.

«Асыл кітап» баспасының баспаханасының  
орталығында теріліп, беттеліп басылып шықты.

Мекенжайы: 050009, Алматы қаласы,

Абай даңғылы 143-үй

Телефоны +7 (727) 394-41-67,

электронды пошта: asylkitap@mail.ru



### Тоқтар Зікірин

1949 жылы 22 тамызда  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Шал ақын (бұрынғы Сергеев)  
ауданындағы Балуан ауылында  
дүниеге келген. Қарағанды  
кооператив институтының  
түлегі. 1979-2015 жылдары  
«Солтүстік Қазақстан»  
облыстық газетінде тілші, аға  
тілші, бөлім менгерушісі  
қызметтерін атқарған. «Жан  
шуағы»,  
«Көңіл көкжиектері» жыр  
жинақтарының авторы.  
Республикалық, аймақтық жыр  
мұшайраларының женімпазы.